Ұлысыма құт әкел, Ұлу жылы!

Комиссия құрамы сайланды
2-бет

Игілігі орасан орталық
6-бет

Арқа мәдениетінің айшығы
8-бет

ҚАЗДАУЫСТЫ ҚАЗЫБЕК БИ: СӨЗДІҢ АТАСЫ – БІРЛІК, АНАСЫ – ШЫНДЫҚ

ORTALYQ QAZAQSTAN

1931 жылдың 4 қазанынан бастап шығады

ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТІ

www.ortalyq.kz www.instagram.com/ortalyq.kz/ СЕНБІ, **30 ЖЕЛТОҚСАН**, 2023 ЖЫЛ **№146 (23 322)** www.facebook.com/ortalyq.kz/ info@ortalyq.kz

Құрметті Қарағанды облысының тұрғындары!

Сіздерді келе жатқан 2024 жылмен шын жүректен құттықтаймыз!

Бұл отбасылық мерекені біз отбасымызбен, жақын адамдарымыздың ортасында қарсы аламыз. Осы күні біз өткен жылды қорытындылап, болашаққа жоспар құрамыз.

Өтіп бара жатқан жыл оқиғаларға толы болды. Биыл біз аймағымызды тұрақты дамытуды жалғастыра отырып, өндіріс саласына инвестиция тартып, құрылыс қарқынын арттырып, денсаулық сақтау және білім беру нысандарының көптеп салынуын қамтамасыз еттік. Айта кету керек, біздің облыстың жетістіктерінде өздеріне жүктелген міндеттерді жауапкершілікпен орындап, кәсібилік танытқан әр тұрғынның еңбегі бар.

Біз алдағы 2024 жылы да алға қойған мақсаттарды орындай отырып, еліміздің гүлденуі жолында қажетті жұмыстардың барлығын атқаратын боламыз.

Құрметті жерлестер!

Алда келе жатқан Жаңа жыл мерекесімен сіздерді құттықтай отырып, дендеріңізге саулық, отбасыларыңызға амандық тілейміз. Еліміз нығайып, гүлдене берсін! Жаңа 2024 жыл әр үйге бақ-береке, өркендеу алып келсін.

Жаңа жылдарыңызбен!

Ермағанбет БӨЛЕКПАЕВ,
Қарағанды облысының әкімі
Нұркен КОБЖАНОВ,
Қарағанды облыстық мәслихатының төрағасы

● ЭКОНОМИКА

ӘДІЛЕТТІ ҚАЗАҚСТАННЫҢ БАҒЫТ-БАҒДАРЫ

ЖОЛДАУ

1 қыркүйекте Президент Қасым-Жомарт Тоқаев

«ӘДІЛЕТТІ ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ БАҒДАРЫ»
атты Қазақстан халқына Жолдауын жариялады.

Жолдауда жаңа экономикалық саясаттың негізгі бағыттары айқындалып, мынадай маңызды міндеттер қойылды:

- **Экономикамыздың тұрақты өсімін 6-7 пайызға жеткізу;**
- **2029 жылға қарай ұлттық экономиканың көлемін 2 есе ұлғайту, яғни 450 миллиард долларға жеткізу;**
- **Еліміздің байлығын, табысын азаматтарымыздың арасында әділ бөлу.**

Жаңа дәуірдің жарқын қадамы

Ерқанат КЕҢЕСБЕКҰЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Тынымсыз өзгеріп отыратын әлемдік экономикалық ландшафт жағдайында өндірісті өңір «төрт аяғын тең басқан» орнықты қалпымен болашаққа жорығын сенімді жалғастыруда. Соңғы онжылдықта тұтас ел өзінің экономикалық стратегиясын қайта ойластырып, сын-тегеуріндерді қабылдап, жаңа мүмкіндіктерге ден қойды. Өңір экономикасы ұзақ мерзімді әріптестікке ұмтылған инвесторлар үшін тартымды үлгі. Баламалы энергетика саласындағы жобалар, технологиялық инновациялар және инфрақұрылымды дамыту әлемдік бизнестің назарын аударады. Банк жүйесіндегі қаржылық реформалар елдің инвестициялық серіктес ретіндегі сенімділігін көрсетеді. Нақтылайық.

3-бет

● 2024: ӘЙГІЛІ КОМПОЗИТОРДЫҢ ТУҒАНЫНА – 100 ЖЫЛ

Сыдық Мұхамеджанов. «Шаттық Отаны»

(Реквием)

Серік АҚСҰҢҚАРҰЛЫ

«Киік» станциясынан өткен сайын қазақтың даңқты композиторы Сыдық Мұхамеджанов осы жерден Алматыға арман арқалап кеткен шығар деген ойға шомам. Оның кіндік кесіп, кір жуған жері қазақтағы ғажайып та, қасиетті топырақтың бірі һәм бірегейі десе болады. Үш мың жылдық көшпелілер мәдениетінің толғағы жетіп, тоғысқан жері бұл. Сарыарқаның уызына жарыған Сәкең күні кешегі Тәттімбет, Тоқа, Дайрабай, Қыздарбек, Сембек, Итаяқ, Аққыз, Мақаш, Әбди, Әбікен, Бегімсал дәстүріндегі шертпе күйдің қазанында қайнап, қаймағына кенелген біртуар тұлға еді. Оның «Шаттық Отаны» поэмасында сол терең де, ерен тылсым сиқыр алыстан айқұлақтанып, құлаққа шалынады.

Жерлесіміз, қазақтың ұлы композиторы Сыдық Мұхамеджанов өзінің осы туындысын «музыкалық поэма» деп атаған екен. Шын мәнінде, бұл бір дәуір, бір заманның марапат жыры! Қазтуғанның «Марапат жырындай!»

Патетикалық поэма.

Қазір ел екі аяғы салбырап, көктен осы жерге түсе салғандай күй кешіп отыр, адам баласы туасы – ұмытшақ; осы отыз жыл ішінде баяғыда көрген-білгенін есінен шығарып алған... Мұны исі қазақ баяғыда «Қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған заман» деген. Ол бір кездегі біздің Асанқайғы, сонау Томас Морлардың киял-ғажайыбынан туған қоғам еді. Бар-жоғы жетпіс жыл салтанат құрды да, тарихтың архивіне жөнеді! Еуропаны кезіп жүрген коммунизм елесі XX ғасырда салтанатты шеруін тәмамдады да, келмеске кетті! Соны музыка тілімен өрнектеп, өлмес өнер туындысына айналдырған біздің жерлесіміз, қазақтың саусақпен санарлықтай ұлы композиторының бірі – Сыдық Мұхамеджанов! Социализм туралы поэманы қайта тыңдаған сайын адамды мың сан ойға салып, жан-дүниені сарғайған сартап сағынышқа кенелтіп, арқаны шымырлататын музыкалық дүние бізден басқа бірде-бір елде жоқ десе де болады! Бізде ғана, қазақта ғана бар!

Замандар да, адамдар да көше береді, мәңгі бақи өлмейтін, жасампаз адам баласымен барлық қоғамдық-экономикалық формацияларда өмір сүре беретін өнер туындылары ғана! Гомерлер кетті! Адамзаттың жадында «Илиада» мен «Одиссеялар» қалды! Сыдық Мұхамеджановтың «Шаттық Отаны» да осылардан аумайтын адамзат өнеріндегі шаһқар (шедевр) шығармалар қатарында тұр!

Біздің балалық, жастық шағымыз, ат жалын тартып мінген кезіміз де осы қоғамда өткен. Біз оның орны ойсыраған кемшіліктері мен трагедиясына қарамастан егіліп сүйіп, оған ет-бауырымыз елжіреп қызмет еткенбіз; одан артық қоғамдық жүйе бар деген ой бізде болмаған! Адам өз заманының жемісі; соның әрі мықты, әрі осал қасиеттері біздің бойымызда әлі бар.

Қара жерден бауырын көтеріп, саналы адамға (лат. Homo sapiens) айналған адам баласының дүниеге келгеніне 300 000 жылдай уақыт болып қалған екен. Сол Homo sapiens-тің қалың бір тобы XX ғасырда қаны бұзылып, Homo Soveticus-ке (лат.) айналды!

1917 жылы адамзаттың артта қалған бір бөлігі Ресейде Қазан төңкерісін жасап, Homo sapiens-тен бөлініп шығып, Homo Soveticus (лат.) дейтін ұлыс құрды, ол XX ғасырдың 90-шы жылдарына дейін жаналғыш ірі держава (СССР) атанып, өркениетті дүниенің зәре-құтын алып еді! Біз соның тірі қалған соңғы тұяқтары боламыз!

Бұл екі адамзат өкілінің (Homo sapien – Homo Soveticus) арасы – жер мен көктей! Болмыс-бітімі, тіршілік-қарекеті мен дүниеге деген көзқарастары да бір-бірінен мүлде, кереғар, алшақ! Әлихан Бөкейханов пен Мұхтар Әуезовтер Homo sapiens болса, Бейімбеттің Мырқымбайымен бірге ғұмыр кешкен біздің бәріміз де Homo Soveticus ұлысынан боламыз! Сыдық Мұхамеджановтың «Шаттық Отаны» осы Homo Soveticus (Хома Советикус) – советтік Қазақстан туралы жыр еді. Бұл поэмада біздің 70 жылғы ғұмырымыздың галереясы шынайы бейнеленген. Оны тыңдаған сайын біздің жүрегімізді асқақ сезім, ел мен жерге деген шалқар махаббат кернейді! Мұны мына жарық дүниеге бізден кейін келген буын түсінбеуі мүмкін, бірақ, бұл сезімдер бізге етене жақын һәм оттай ыстық!

Евгений Брусиловскийдің Қазақстанға келуі ұлттық музыкамызды еуропалық деңгейге көтеріп, жасартып, жаңартып, жаңғыртып тастап еді, оның Сыдық Мұхамеджанов бастаған шәкірттері бұрын-соңды болмаған биікке көтеріп, берісі республикалық, әрісі одақтық масштабта оған соны өрнек, ұлттық бояулар қосып, тыңға түрен салды!

4-бет

● ЖЫЛ СҮЙІНШІСІ

Жиырма миллионбыз!

Қоян жылы қазақ еліне қуаныш әкелді. Президент сүйіншілеген ақжолтай хабар халық санының 20 миллионға жетуі – жылдың жағымды жаңалықтарының көшін бастады.

Аяулым СОВЕТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

– Халқымыздың саны 20 миллионға жетті! Баршаңызды ақжолтай жаңалықпен құттықтаймын! Бақытты отбасы – бақуатты елдің негізі. Мемлекет отбасы құндылықтарын нығайтуға, ана мен баланы қорғауға баса мән береді, – деп жазды Қасым-Жомарт Тоқаев Twitter-дегі парақшасына.

Сарапшылардың айтуынша, тәуелсіздік алғаннан бері демографиялық ахуал жақсарып келеді. Жан басы көбейсе, экономика да өседі. Кейінгі уақытта дүниеге келген балалар саны шамамен 15 пайызға өссе, орташа есеппен жыл сайын 400 мың бала дүниеге келеді.

Келер жылдан «Ұлттық қордан – балаларға» жобасы басталып, еліміздегі әрбір баланың есепшотына ақша аударылады. Қолдаулар елдегі демографияның жылдам өсуіне оң әсерін тигізеді деген пікірде көпшілік.

ВАЛЮТАЛАРДЫҢ РЕСМИ БАҒАМДАРЫ: ●**EUR/KZT** 504.77 ●**USD/KZT** 453.64 ●**RUB/KZT** 5.01 ●**CNY/KZT** 63.83

Қазақстан Ұлттық Банкінің 29 желтоқсан, 2023 жылғы дерегі бойынша

Тасқынға тосқын – бүгіннен

ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫНЫҢ ӘКІМДІГІ

Қарағанды облысында 5,9 шақырым бөгеттер мен қорғандар тұрғызылып, нығайтылды. Өзен арналарының қауіпті деген 44 шақырымы тазартылды. Өңір басшысы Ермағанбет Бөлекпаев су тасқынына дайындық мәселесін пысықтады.

Сурет облыс әкімдігінің сайтынан

Облыстық төтенше жағдайлар департаментінің бастығы Мұрат Қатпановтың мәліметінше, тасқын қаупі Бұқар жырау, Қарқаралы, Шет, Нұра, Абай және Осакаров аудандарында бар.

– Ақтоғай ауданы, Қарағанды және Теміртау қаласының маңы қауіптіліктің орта деңгейіне жатады. Балқаш, Приозерск, Шахтинск және Саран су тасқыны қаупінің шамалы деңгейіне жатады. «Қазгидрометтің» мәліметінше, Бұқар жырау ауданының аумағын қоспағанда, облыс бойынша топырақтың күзгі ылғалдылығы нормадан жоғары. Топырақтың қату тереңдігі 63-тен 116 см-ге дейін, – деді Мұрат Қатпанов.

Өңірде 7,9 шақырым су бұру каналдары салынып, жөнделді. 17,5 шақырым дренаж және су бұру жүйелері тазартылды. Автожолдардың 66 учаскесінде су өткізу мүмкіндігі артты. Бірақ, ауа райы кез келген уақытта өзгеріп кетуі мүмкін екенін ескерткен Ермағанбет Бөлекпаев су тасқыны қаупі бар аудандардың әкімдерін қырағылық танытуға шақырды.

– Өзендердегі су деңгейін, қардың көлемін, топырақтың қату тереңдігін бақылауда ұстау қажет. Қарды уақытында шығарып, тұрғындармен профилактикалық әңгімелер жүргізіп, оларды аула аумақтарын тазартуға шақыру керек. Инертті материалды, қапшықтарды дайындау, техниканың дайындығын қамтамасыз етуді тапсырамын, – деп атап өтті Ермағанбет Бөлекпаев.

Өз тілшіміздің

● КЕҢЕС ОТЫРЫСЫ

Жастар жасампаздыққа жол ашады

Аймақ жастары жылды қорытындылап, жоспарын бекітті. Жастар кеңесінде болашақта қоғамға пайда әкелетін жобаларға көңіл бөлініп, орта буынның әлеуетін арттыру сөз болды. Келер жылда мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс аясында жастар бастамаларын қолдауға бағытталған жобаларды ұлғайту мүмкіндігі қарастырылды.

Аяулым СОВЕТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Облыс әкімінің орынбасары Ерлан Құсайынның төрағалығымен өткен өңірлік жастар ісі жөніндегі кеңес отырысында биыл қол жеткізген нәтиже талқыланды. Жастар саясаты мәселелері жөніндегі басқарма басшысы Біржан Әлімжанов жұмыссыз жастар мен NEET санатындағыларды жұмысқа орналастыруға баса көңіл бөлінгенін айтты. Сондай-ақ, қолжетімді баспанамен қамтамасыз ету, біліктілік арттыру, кәсіпкерлікті қолдау және дамыту мәселелеріне ерекше назар аударды.

– Жастар саясатын іске асыруға 14 ресурстық орталық ықпал етеді. Балалар үйінің түлектері үшін психологтар мен заңгерлер кеңес беріп, әдістемелік көмек көрсетеді. Осы уақытқа дейін Ақтоғай ауданында коворкинг, Теміртау қаласында Жастар орталығы, Қарағанды медицина университетінің студенттеріне арналған 400 орындық жатақхана ашылды.

Е.Бөкетов атындағы ҚарУ-де 500 орындық жатақхананың құрылысы басталады, – деді Біржан Әлімжанов.

Басқарма басшысының сөзіне сүйенсек, жыл сайын жастар кәсіпкерлігін дамытуға және қолдауға гранттар бөлінеді. 2023 жылы 50 әлеуетті бизнес-жоспар мақұлданды. Биыл іске қосылған жастардың кәсіпкерлік бастамаларына жеңілдетілген шағын несиелеу бағдарламасы бойынша 365 несие берілді.

Сондай-ақ, тұрғын үймен қамтамасыз ету де маңызды мәселе. Биыл 121 пәтер берілді. Сондай-ақ, жас мамандар үшін өңірлік ипотекалық бағдарлама жұмыс істейді. Биыл оған Теміртау қаласының жастары қатысты. Бағдарламамен облыстың басқа өңірлерін қамту және «жетім балалар» санатын қосу жоспарлануда.

Кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі 2021-2025 жылдарға арналған ұлттық жоба аясында 14 мыңнан астам қарағандылықтарды жұмыспен қамту шараларымен жұмылдыруға мүмкіндік туды. Бұл бағытта жастарды жұмысқа орналастыру биліктің басым міндеттерінің бірі болып қала береді. Осы мақсатта «Жастар практикасы», «Бірінші жұмыс орны», «Ұрпақтар келісімшарты», «Жасыл ел», «Дипломмен ауылға» сияқты мемлекеттік жобалар іске асырылуда.

Сондай-ақ, кеңес отырысында жастардың мәдени бос уақытын қамтамасыз ету және бұқаралық спортты дамыту мәселелері сөз болды.

– Кеңестің әрбір мүшесі патриотизмнің, парасаттылықтың, адалдықтың елшісі болуға тиіс. Біздің әрқайсымыз осы ұғымдар мен құндылықтарды көпшілікке жеткізуіміз керек. Сонда ғана жұмысымыздың мәні болады. Жастар саласында шешілмеген мәселелер қалса да, орасан зор жұмыс атқарылды. Әлі де жастармен жұмыс істеуге, жетім балалар бойынша жұмысты күшейтуге көп көңіл бөлу керек, – деп атап өтті Ерлан Құсайын.

Жиында жастар ісі жөніндегі кеңестің 2024 жылға арналған жұмыс жоспары мақұлданды.

Суретті түсірген
Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

● РЕСМИ

Шетелдіктерге көмек көрсетілді

Ауа райының қолайсыздығы салдарынан облыс аумағында тоқтауға мәжбүр болған автобустағы 16 шетелдікті полицейлер эвакуациялап, тиісті көмек көрсеткен.

Ерік НАРЫН,
«Ortalyq Qazaqstan»

Ауа райының нашарлауына байланысты облыстағы «Алматы-Екатеринбург» тас жолының «Теміртау-Астана» учаскесі барлық көліктер үшін жабылды. Теміртау қаласы ішкі істер бөлімі патрульдік полиция батальонының қызметкерлері жол қозғалысы жағдайын қадағалау мақсатында рейд жүргізген.

«Теміртау-Астана» учаскесінде Астанаға бара жатқан ондаған көлік жиналды. Олардың арасында, ішінде Өзбекстан Республикасының 16 азаматы болған Yutong автобусы полицияның назарын аударады. Мән-жай зерделенген соң қалыптасқан жағдайға байланысты Теміртауға шетелдіктерді эвакуациялау туралы шешім қабылданды. Аталған шараны жүзеге асыруға полиция қызметкерлеріне қала әкімдігінің әлеуметтік көмек көрсету дағдарыс орталығы қолдау көрсетті.

Өзбекстан азаматтары қауіпсіз жерге орналастырылып, ыстық тамақпен және түнейтін орынмен қамтамасыз етілді.

Осы күні «Алматы-Екатеринбург» жолында патрульдік полиция батальонының қызметкерлері тағы бір төтенше жағдайға тап болды.

Взвод командирі Д.Сыздықов пен инспектор Ғ.Тәжібаев мотопатруль бағыты бойынша келе жатып, Гүлшат ауылының маңында жол жиегінде тұрған BMW көлігін байқаған. Қасына барып, жолаушылардың жағдайын сұрайды. Жүргізуші анасы екеуі Ақтоғай ауданы, Тасарал ауылынан Балқашқа бара жатқан. Жолда жанармай таусылып, тоқтауға мәжбүр болыпты.

Полицейлер көлікті жақын маңдағы жанар-жағармай құю бекетіне сүйреп апарып, әрі қарай қызметін жалғастырған.

● СЕССИЯ

Комиссия құрамы сайланды

Қарағанды облыстық аумақтық сайлау комиссиясының жаңа құрамы сайланды. Бұл облыстық мәслихаттың кезектен тыс XI сессиясында қаралды. Мәслихат төрағасы Нұркен Кобжановтың төрағалығымен өткен сессия жұмысына облыс әкімінің орынбасары Ерлан Құсайын, облыстың басқармалары, департамент басшылары, Қоғамдық кеңес мүшелері қатысты.

Сурет облыстық мәслихаттың баспасөз қызметінен алынды

Салтанат ІЛИЯШ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Сайлау комиссиясының мүшелерін іріктеу үшін облыстық мәслихатта сайлау уақытша жұмыс тобы құрылған. Жұмыс тобы комиссия мүшелеріне үміткерлер ұсынған құжаттар, саяси партиялар, қоғамдық бірлестік ұсынған кандидатураларды «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Конституциялық заң талаптарына сәйкестігін анықтау мәніне тексеру қорытындыларды зерделеген. Жұмыс тобының отырысы өткізіліп, кандидатураларды қарастыру қорытындысы бойынша хаттама жасалған. Бұл туралы облыстық сайлау комиссиясының құрамын қалыптастыру жөніндегі уақытша жұмыс тобының төрағасы М.Әбілов баяндады.

Облыстық мәслихатқа саяси партиялардан 7 ұсыныс және «Білім беру қызметкерлерінің жергілікті кәсіподағы» қоғамдық бірлестігінен 1 ұсыныс түскен. Атап айтқанда, «Ақ жол» партиясынан кандидатурасын ұсынған – Гаухар Токушева. Ал, «Ауыл» Халықтық-демократиялық партиясынан – Сандуғаш Асылбекова. «Respublika» партиясынан Айғаным Ақпанова болса, Қазақстан халық партиясынан кандидатурасын ұсынған Саян Есмағанбетов. «AMANAT» партиясынан – Қайрат Нұркенов, «Байтақ» жасылдар партиясынан – Гүлнәрайым Қаңтарбекова кандидатурасын ұсынған. Евгений Русаков болса Жалпыұлттық социал-демократиялық партиядан. Ал, «Білім қызметкерлерінің жергілікті кәсіподағы» қоғамдық бірлестігінен – Айгүл Әбілғазина өз кандидатурасын ұсынған.

Сессия барысында депутаттардың пікірі екіге бөлінді. Нәтижесінде, «Ақ жол» партиясынан жасырын дауыс беру туралы ұсыныс түсті.

Депутаттар ашық дауыс беруді өткізу туралы шешім қабылдады, оның қорытындысы бойынша Қарағанды облыстық аумақтық сайлау комиссиясының құрамына көпшілік дауыспен 7 кандидатура қолдау тапты.

Одан бөлек, сессияда Жаңаауыл ауылының әкімшілік бағыныстылығын өзгерту туралы мәселе қаралып, облыс әкімі жанындағы облыстық ономастика комиссиясының құрамы бекітілді.

● ГРАНТ

Жас кәсіпкерге қолдау бар

Шағын бизнес ашу үшін Үкіметтің тигізетін шарапаты көп қазір. Әсіресе, әкім гранты жастарға әжептәуір қолдау. Бұл жолы Нұра әкімінің грантын 9 жас кәсіпкер жеңіп алды.

Қасымхан ҒАЛЫМ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Солардың қатарында Ахмет ауылының тұрғыны Нұржан Кәкібаев бар. Ол сүт өнімдерін шығаратын цех ашуды жоспарлап отыр. Кәсіпкер үш жыл болды, мал шаруашылығымен айналысады. Енді, кәсібін әрмен қарай жетілдіріп, сүт өнімін шығармақшы. Негізгі бағыты ірімшік өндірмекші.

– Ірімшік жасауды әкемнен үйрендім. Табиғи өнім әрқашан сұранысқа ие. Бұрын біз тек өзімізге әзірлейтінбіз. Содан ой келді. Қолымыздан келіп тұр. Басты шикізат қорадағы малымыз беріп тұр. Міне, аудан әкімінің грантымен ірімшік және басқа да сүт өнімдерін әзірлеп, сататын боламыз. Грант қаражатына қажетті жабдықтар сатып алуды және үйдің жанына шағын контейнер орнатуды жоспарлап отырмын. Астанаға сатуды да жоспарлап отырмыз. Ауылымыз Елордадан небары 60 шақырым жерде орналасқан, – дейді Нұржан Кәкібаев.

Баршын округіне қарасты Қарақасқа ауылының 25 жастағы тұрғыны Сымбат Сәлімбекова Нұра ауданы әкімінің грантын ұтып алды. Өткен жылы «Бастау Бизнес» бағдарламасы аясында кәсіпкерлік негіздері бойынша оқуын тәмамдаған. Жас кәсіпкер ешкі сүтін өндірмек.

«Мен үшінші топтағы мүгедекпін. Ұлымды дүниеге әкелгенде өзім емізе алмадым. Қазір екіге толды. Оның да мүгедектігі бар. Сондықтан, балама мұқият күтім керек. Бір жылға дейін көптеген қоспаларды қолданып көрдік. Баламда аллергия болды. Гипоаллергенді тағамдар да бізге сәйкес келмеді. Ұлым үшін басқа ауылға көштік. Өйткені, ол жерде ешкі сүті сатылады. Балама жақты, ұлым тез салмақ жинады. Осыдан кейін менің ойыма ешкі өсіріп, сүтін өндіру келді. Бизнес-жоспарымды құрып, міне, грант алдым. Осы қаражатқа сауатын аппарат пен 10 ешкі сатып аламын», – дейді Сымбат Сәлімбекова.

Сурет облыс әкімдігінің сайтынан

Мұнымен қоса, Нұра ауданы әкімінің гранттарын биогумус, түйіршіктелген құрама жем өндіру, шаштараз ашу, жиһазды химиялық тазалау, автокөлік жуу, нан-тоқаш өнімдерін өндіру бойынша цехты кеңейту, дезинфекция, дезинсекция және дератизация қызметтерін көрсету бойынша бизнес-жобалар алды.

Биылғы әкім грантына 10 миллион теңге бөлінді. Мемлекет қаражаты бірнеше жобаға жол ашпақшы. Өз кезегінде жас кәсіпкерлер әкімдікке алғысын жаудырып, алдағы уақытта нәтиже шығарып, шағын бизнестері арқылы ауданның әлеуетін арттырамыз деген уәде берді.

Нұра ауданы

Жаңа дәуірдің жарқын қадамы

(Соңы. Басы 1-бетте)





Логистика

Қазақстанның географиялық артықшылығы мен жүк тасымалының тұрақты өсімін ескере отырып, Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев көлік-логистикалық әлеуетті дамытуды Үкімет жұмысының негізгі басымдықтарының бірі ретінде баса белгіледі.

– Қазір әлемде жаңа экономикалық кеңістік қалыптасып жатыр. Қытайдан Еуропаға, Ресейге, Орталық Азияға және осы аймақтардан Қытайға жіберілетін тауар көлемі айтарлықтай көбейеді деген болжам бар. Қазақстан солтүстік пен оңтүстікті, батыс пен шығысты байланыстыратын жаһандық жолайрықта орналасқан. Бұл біздің елімізге зор мүмкіндік беріп отыр. Сондықтан, көлік-логистика саласы экономикамызды алға бастайтын басты күштің біріне айналуға тиіс, – деді ел Президенті халыққа Жолдауында.

Республика аумағы арқылы жүк тасымалдаудың жалпы көлемі 895 млн. тоннаны құрады. Оның ішінде транзиттің үлесі 29 млн. тоннадан асып, 21%-ға өсті. Биыл теміржол көлігі саласында бірнеше ірі мегажоба жүзеге асырыла бастады. Облыс арқылы өтетін ұзындығы 272 шақырым болатын «Бақты – Аягөз» теміржол желісінің құрылысы басталды. Бұл жобаны жүзеге асыру Қазақстан мен Қытай арасындағы жүк айналымын қосымша 20 млн. тоннаға арттыруға мүмкіндік береді. Республикалық Бағытта 2024 жылы «Қарағанды – Жезқазған» (513 шақырым, оның 40 шақырымы 2024 жылы) жобасы бойынша жұмыстарды бастау жоспарлануда.

Өңдеу өнеркәсібі

Биыл еліміз Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары» атты Қазақстан халқына Жолдауында жариялаған және халықтың өмірін жақсартуға бағытталған жаңа экономикалық модельге көшуді бастады. Ол үшін мықты өнеркәсіптік негізін қалыптастыруға баса маңыз берілген құрылымдық экономикалық реформалар баса белгіленді.

– Өңдеу саласын жедел дамытуға баса мән беруіміз қажет. Біз ел тағдыры үшін айрықша мәні бар бірқатар жобаны жүзеге асыруымыз керек. Экономиканы әртараптандыру бұрынғыдан да маңызды міндетке айналуда. Бұл ретте металды терең өңдеу, мұнай-газ және көмір химиясы, ауыр машина жасау, уранды конверсиялау және байыту, автобөлшектер және тыңайтқыштар шығару сияқты бағыттарға айрықша назар аударған жөн. Басқаша айтсақ, жоғары деңгейде өңделген өнім шығаратын кластер құру керек, – делінген ел Президентінің халыққа Жолдауында.

Ел экономикасы үшін ең негізгі және маңызды жобалар қатарында қараша айында Қарағанды облысында арнайы кокс шығаратын ауқымды жоба техникалық түрде іске қосылды. Қуаттылығы жылына 400 мың тонна болатын кәсіпорында 184 жұмыс орны ашылды. Арнайы кокстан бөлек, зауытта жылына 72 мың тонна көмір шайыры мен көмір майын өндіру де жоспарланып отыр. Ал, Саран қаласының индустриялық аймағындағы Silk Road Electronics зауытында отандық тұрмыстық техника өндірісі қанат серпіді. Автоматтандырылған кәсіпорында Artel брендімен су жылытқыш, шаңсорғыш, ас үй плитасы, шағын пеш, ас үй ауасын тазартқыш, жартылай автоматты кір жуғыш машина мен теледидар сияқты жеті түрлі өнім шығарылады. Зауыт 2025 жылға қарай толық қуатына шыққанда жылына 1,1 млн. дана өнім шығаратын болады. Ашылған тағы бір маңызды жоба – қуаттылығы жылына 330 мың тонна өнімді құрайтын әк шығаратын зауыт. Импортты алмастыруға зор үлес қосатын кәсіпорынға «Қарапайым заттар экономикасы» мемлекеттік бағдарламасы аясында қолдау көрсетілді. Зауыт республиканың әктасқа қажеттілігін толық жабады деп күтілуде.

Qarmet

Биылғы елеулі жетістіктердің бірі – Qarmet комбинатының Қазақстан меншігіне қайтарылуы. Қазақстан Үкіметі мен ArcelorMittal арасындағы келісімді еліміз үшін айрықша маңызға ие мега-мәміле деп атауға болады. Меншік иесінің ауысуымен кәсіпорынға бірінші кезеңде шамамен $1,3 млрд. жеке инвестиция салынады. Бұл қаражат құрал-жабдықтарды жаңғыртуға, заманауи өндірістік технологияларды енгізуге және өнеркәсіптік қауіпсіздік стандарттарын жақсартуға бағытталады. Ел Үкіметі шартты бұзған жер қойнауын пайдаланушылардың келісімшарттары мен лицензияларын қайта қарау жұмыстарын жүргізуде. Биыл 54 келісімшарт тоқтатылып, қатты пайдалы қазбаларды барлауға берілген 96 лицензия қайтарылды. Міндеттемелерді бұзғаны үшін 6,4 млрд, теңге айыппұл салынды. Нәтижесінде алтын, көмір, темір, мыс, көмірсутек, боксит, полиметалл және т. б. кен орындары мемлекеттік қорға қайтарылды, олар кейіннен жаңа инвесторларға беру үшін ашық аукционға қойылады. Бұл жер қойнауын пайдалану секторына қосымша инвестиция ағынын қамтамасыз етеді. 2023 жылы өткізілген аукциондардың қорытындысы бойынша ел бюджетіне 4,3 млрд. теңге көлемінде қол қою бонусы төленді. Бұл ретте көмірсутек шикізатын геологиялық барлауға тартылған жаңа инвестициялар көлемі шамамен 23 млрд. теңгені құрайды.

Экспортқа бағдарланған экономика

Қазақстанның жаңа өнеркәсіптік саясаты өнімділігі жоғары, экспортқа бағдарланған экономиканы құруға және шикізаттан өңдеуші өнеркәсіпке көшуге итермелеп отыр. Осы мақсатта биыл мемлекеттік ынталандырудың қаржылық және қаржылық емес шараларын қамтамасыз ету механизмдері қосылған «Өңдеу өнеркәсібін дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы» бекітілді. Өткен жылы және биыл даму институттары өңдеу өнеркәсібі жобаларын қаржыландыруға 620 млрд. теңгеден астам қаражат бөлді. Атап айтқанда, жеңіл өнеркәсіпке 3%-бен, тұрмыстық техника сияқты терең өңделген өнім өндірушілерге 9%-бен несие беріледі. Шағын және орта бизнестің 2 млрд-тан 7 млрд. теңгеге дейінгі жобалары үшін 8%-бен несие беру қарастырылған. Өндірушілерді шикізатпен қамтамасыз ету бойынша жұмыстар жүргізілді. Алюминий, мыс және қорғасын үш маңызды металл ретінде анықталды. Қазіргі уақытта металдарды ішкі тұтыну үлесі: алюминий – 17%, қорғасын – 19%, мыс – 1,5%. Қазір олардың отандық қайта өңдеушілерге арналған бағасы нарық бағасынан 5%-ға дейін төмен. Атап айтқанда, бұл жыл соңына дейін алюминий өңдеуді шамамен екі есеге – 31 мың тоннадан 51 мың тоннаға, мысты 7 мыңнан 9 мың тоннаға дейін арттыруға мүмкіндік береді. Өңдеу кәсіпорындарын қолжетімді шикізатпен қамтамасыз ету бойынша заңнамалық міндеттемелерді іске асыру үшін түзетулер пакеті әзірленді. Бұл 2029 жылға қарай металдарды ішкі өңдеу көлемін, яғни алюминийді 5 есеге – 166 мың тоннаға, қорғасынды 4 есеге – 81 мың тоннаға, мысты 13 есеге – 91 мың тоннаға дейін ұлғайтуға мүмкіндік береді.

Темірқазық

Алайда, көңіл көншітер толайым жетістіктерге қарамастан, ел алдында жаңа сын-қатерлер тұр. Жаһандық үрдістерге бейімделу, экономикалық тұрақтылықты сақтау және инклюзивті өсуді қамтамасыз ету қабілеті – Қазақстан алдында тұрған негізгі міндеттер. Әлемдік нарықтардың өзара байланысы мен технологиялардың қарқынды дамуы жағдайында ел инновация мен тұрақтылық түйінді сөзге айналатын Жаңа шындықта өз жолын белсенді түрде қалыптастыруда.

Қарағанды облысы да өзінің бірегейлігі мен мәдени мұрасын сақтай отырып, экономикалық тиімділікке деген ұмтылысын жалғастыруда. Осы тұрғыда Қазақстан экономикасының болашағы қызықты әрі серпінді болуға, ал оның дамуы – өңір елдері мен одан тыс жерлер үшін шабыт көзі болуға уәде береді.

Белсенді бизнес берекеге бастайды

Жұмыр басты пенденің өмір бойына таңдап аларлық бір жұмысы болады. Оны бір ауыз сөзбен «кәсіп» деп жатамыз. Тіріде тірнек таусылған ба?! Уақыт беталысы әркімге бұрнағыдай жұмыс берушіге «байланып» күн көруді жақтырмайтындай осы күнде. Мүмкін болса, ешкімге мұқтаж болмағанға не жетсін?! Қазақстанның экономикалық картасының қақ ортасында төбе көрсетіп тұрған қазыналы өңір кәсіпкерлігінің қазаны қыз-қыз қайнап келеді. Көпшілік бұл нақындағы толымды мәліметтерге зәру.

Ерқанат КЕҢЕСБЕКҰЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Облыста кәсіпкерлікті дамытудың негізгі аспектілерінің бірі – экономиканы әртараптандыру процесі. Көмір өнеркәсібі сияқты дәстүрлі салаларға тәуелділіктен ауық-ауық қара үзе отырып, жаңа технология туризм, ауыл шаруашылығы, кәсіпкерлер сияқты секторларда жаңа мүмкіндіктерді белсенді түрде іздеген жас кәсіпкерлер шоғыры қалыптасты. Оның үстіне инвестиция тарту, цифрлық трансформацияға бағытталған инновациялық стартаптар билік пен инвесторлардан қолдау алып жатқан мысалдар жеткілікті.

Мәселен, Осакаров ауданында Сарыопан кен орнында жаңа зауыт іске қосылғанын бұдан бұрынырақ сүйіншілеген едік. Мұнда заманауи технология бойынша бірінші сортты әк шығарыла бастады. Бұл жоба «Қарапайым заттар экономикасы» бағдарламасы және 2021-2025 жылдарға арналған кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі ұлттық жоба бойынша өрістегені көп жайдан ақпар берерліктей.

Өңірдегі шағын және орта бизнесті қолдау жөніндегі мемлекеттік бастамалар да кәсіпкерліктің тұрақты дамуына сеп. Бизнес үшін қолайлы орта бизнесті жүргізу жеңілдігі бойынша рейтингте өңір екінші орынға тіреді. «Qaragandy Business 2023» форумының қатысушылары бизнес-климатты жақсартудың жаңа нүктелері нақында сөз қозғады.

Бұл жолда білім беру бағдарламалары мен бизнесті қолдау орталықтары белсенді дамып келеді. Кәсіпкерлік дағдыларды оқыту, сарапшылардан кеңес алу әрі тиімді ресурстарға қол жеткізу кәсіптік өсуге және бизнестің бәсекеге қабілеттілігін арттыруға ықпал етеді. Мәселен, InDrive халықаралық IT-компаниясының Beginit әлеуметтік-білім беру жобасы Қарағандыда қатысушыларды іріктеу амалын қолға алды. Бағдарламаның мақсаты – дарынды балаларды анықтап, оларға жаңа технологиялар саласындағы дағдыларды үйрету және әлеуметтік кәсіпкерлікке байланысты мамандықтарға қызығушылық тудыру. Жобаға қатысу тегін.

Beginit көшбасшылық бағдарламасы жалпы білім беретін мектептердің оныншы сынып оқушыларына арналған. Биыл ауылдық жерлерден ғана емес, өңірлерден де балалар қатыса алады. Қостанай, Қарағанды, Павлодар, Өскемен, Тараз, Орал және оған іргелес облыстар қатысатындығын растады. Өңірлік кездесулер Astana Hub қолдауымен өтеді. Осы ынтымақтастықтың арқасында барлық қатысушылар өңірлік хабтардың инфрақұрылымын тегін пайдалана алады.

Қарағанды облысы кәсіпкерлікті дамыту оның жаңа экономикалық келбетін де белсенді қалыптастыруда. Инновация, шағын бизнесті қолдау болашақта әл-ауқат пен өркендеуді уәде ететін тұрақты және серпінді экономикалық ортаны құруға ықпал етеді.

Өңірде шағын және орта бизнестің 1266 жобасы қаржылай қолдау алды. Кәсіпкерлік негіздеріне төрт мыңнан астам бизнесін жаңа бастаған кәсіпкерлер оқытылды. Бұл жоспарланғаннан екі есе көп. Соның арқасында Қарағанды облысында жұмыссыздық деңгейі 4,1% құрайды. Бұл – елдегі ең төменгі көрсеткіштердің бірі. Облыс республикада бірінші болып, бөлшек салық мөлшерлемесін екі есе төмендетті. Осының арқасында өзгерістер енгізілген сәттен бастап, салық төлеушілер саны алты есе өсті. 900-ден астам кәсіпкер бизнесті қолдаудың жаңа шарасын пайдаланды.

Өңірде кәсіпкерлікті дамытуға бағытталған мемлекеттік бағдарламалар жұмыс істейді. Жастардың бизнес-идеяларын іске асыру үшін жылдық 2,5% мөлшерлемемен несиелер және 365 кәсіпкерге арналған гранттар мақұлданды. Ұлттық жоба бойынша 212 грант берілді. «Ауыл Аманаты» жобасы бойынша 396 бизнес-жоспар мақұлданды. Жыл соңына қарай барлық бағдарламалар бойынша бизнесті қолдау жобаларының портфелін 5,5 мыңға дейін жеткізу жоспарлануда.

Жыл басынан бері Қарағанды облысында 5 мыңға жуық шағын кәсіпорын ашылды. Бүгінгі таңда кәсіпкерлер үшін онлайн режимде 171 қызмет қолжетімді.

– Бизнес – Президент атап өткен басты тақырыптардың бірі. Қазір халық бизнеспен айналысуға жан-жақты қолдау бар екенін жақсы түсінеді. Рас, әкімшілік кедергілер де кездеседі. Мұндай жағдайларда палата кәсіпкерді қорғауға, оған көмек көрсетуге дайын, – деп қорытты сөзін Қарағанды облысы кәсіпкерлер палатасының басшысы Ернар Күлпейісов.

Сыдық Мұхамеджанов. «Шаттық Отаны»

(Соңы. Басы 1-бетте).

Сурет ашық дереккөзден

Мына опасыз жалғанда ұлттық рухтың жер бетінде сайран салуына, өктем күштердің төбесінен ойран салуына түк те жетпейді! Жан алғыш атом қаруы мен төрткүл дүниені алақанына уыстап отырған жойқын империялар да жоқ болады. Атамзаманғы айтулы мемлекеттерден бүгінде көзге қара боп қалғаны – Лондондағы Ұлттық галерея, Вашингтондағы Ұлттық өнер, Мәскеу қаласындағы Третьяков галереяларында тұр! Огинский-Ветховендер мен халық музыкасында, Ақан сері, Біржан сал, Мәдилер мен Сыдық-Шәмші-Ильия көкелеріміздің әндерінде қалықтап, ұшып жүр бұл рух! Басқа түк те жоқ мына Жарық Дүниеде! Мәңгі қалатын – өнер туындысы!

Біз екінің бірі, егіздің сыңары «халық жауы» болған сормаңдай елде ғұмыр кештік. Сонда да бұл елді жанымызды шүберекке түйіп, сүйіп едік. Жау – кім? Дос – кім? Әлихан мен Ахметтің, Мағжан мен Міржақыптардың аруағы төбемізде әлі күңіреніп тұр! Социалистік-тоталитарлық қоғамның трагедиясы осы еді. Оны ішіміз сезді, айқайлап айта алмадық – айтқызбады! Социализмнің өзіне ғана тән қасиеті мен қасіреті де көп еді. Соған қарамастан, біз оның дертіне күйіп, жан-тәнімізбен құлай сүйіп едік. Өйткені, ол – біздің өз өміріміз, тасқа басылған тарихымыз еді. Адам баласы бәрінен бас тартуы мүмкін, бірақ тарихы мен тағдырынан бас тарта алмайды. Бұл – жалпы адамзатқа ортақ аксиома. Құдай тағаланың басқа салған тағдыр-таланы осы...

– Имам! – депті мүриттерінің бірі Шәмілге, – Осы біз не үшін соғысып жүрміз?!

– Пенденің емес, құдайдың құлы болу үшін! – депті Имам.

... Біздің қазақ 300 жылдай пенденің құлы болды. Сұмдық қой – бұл!

Тұлғалар, біресе, Әлихан Бөкейхан сынды мемлекет, қоғам қайраткері, біресе Пушкин, Абай сынды ақын, біресе Эйнштейін, біздің Темірғали Көкетаев сынды атомшы-физик, біресе, Әміре, Жүсіпбек, Қайрат Байбосын сынды әнші болып тууы мүмкін...

Ерін қадірлемеген жұрт іргелі мемлекет құрып, ел қатарына қосыла алмайды. «Мүлдем азып кетпеген кез келген адамзат нәсілі өзінің жалпы санына сәйкес мөлшерлі, көрнекті адамдарды дүниеге әкеледі, – дейді испанның ұлы ойшылы Хосе Ортега-и-Гассет. – Олардың бойына айрықша интеллектуалдық, моральдық және өміршеңдік қасиеттер дарытады. Дамыған нәсілдерде бұл мөлшер басқаларға қарағанда әлдеқайда қомақтылау әрі қуаттылау болып келеді. Басқаша айтқанда, бір ұлт бір өзінің таңдаулы азшылығының қуаттылығымен басым түсіп жатады. Әр ұлт өз ортасынан бойында тек өз ұлтына тән қасиеттер шоғырланғандарын ғана даралап шығарады. Көрнекті адамдардың жетіспеуі ұлт тарихына керағар әсер етеді». «Құрып, құрдымға кеткелі тұрған ұлт кінәсіз ұлдарын жазықсыз жазалап, қылмыскерлерін төбесінде тайраңдатып қояды!», – деген бір ойшылдың сөзі осындайда еске түседі.

Әлихан Бөкейханов пен Мұхтар Әуезовтер Homo sapiens болса, Бейімбеттің Мырқымбайымен бірге ғұмыр кешкен біздің бәріміз де Homo Soveticus ұлысынан боламыз! Сыдық Мұхамеджановтың «Шаттық Отаны» осы Homo Soveticus (Хома Советикус) – советтік Қазақстан туралы жыр еді. Бұл поэмада біздің 70 жылғы ғұмырымыздың галереясы шынайы бейнеленген. Оны тыңдаған сайын біздің жүрегімізді асқақ сезім, ел мен жерге деген шалқар махаббат кернейді!

Жақсысын көзі тірісінде, өлгеннен кейін де қадірлеу – озық ұлттардың еншісіндегі дүние. Дамымаған елден мұндай тұлғалар тумайды! Туса да, тобырдың талауына түсіп... көресінін көріп өледі! Мына елдің тұрғындары ұлтының ұлы тұлғаларының сүрінген, бүлінген жерін сөз қылмай, жазған, сызған, айтқанынан өнеге алып, солардың соңынан ілескен күні оның ұлысы да ұлы ұлтқа айналады!

Аспанды кеулеген қара бұлттың, Алашты іштен жеген қара құрттың; Атқа көтеріп мінгізіп, қолына қамшы ұстатсаң, Алашын қуып жүріп сабайтын әкімнің, Ата-Жұртымен «өлеңдетіп...», шатыраш ойнайтын «ақынның» – Керзаманы кетіп барады... Құдайға тәубе!

«Шаттық Отанындағы» қазақ халқының классикалық әуені әлемдік классиканың озық үлгілерімен астасып, адамды асқақ мұраттарға шабыттандырады. Бүтіндей бір ұрпақ осы жырдың аясында өсіп, өнді. Пушкиннің «Моцарт пен Сальерий» дейтін атақты поэмасы бар. Онда Сальери Моцартты у беріп өлтіреді. Замандастарының айтуына қарағанда өмірде мұндай оқиға болмаған көрінеді. Соны білетін біреулер бұл Пушкиннің ойлап тапқан дүниесі деген әңгіме шығарып жүр... Бұлардың көпшілігі өнердің озық дүниесін көре алмайтын графомандар мен іштар, таяз шығармашылық адамдары. Пушкин өнердегі данышпан мен дарынсыздың өлмес образын жасап шығарды! Оған керегі осы еді! Моцарт – таланттың, Сальерий – дәлдүріштің типтік бейнесі болып қалды! Мына шығарма да сондай, – қазақ қиялындағы қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған қоғамның бір бұлдыр елесі маған; жарқ етті де жоқ болды!

Мұнда Атырау-Алатау-Алтайға дейінгі кең байтақты мекендеп жатқан Алаш елінің поэтикалық галереясы тұнып тұр; үш мың жылдық көшпенділер цивлизациясының символындай арғымақ ат тұяқтарының дүбірі мен даламыздың кеңдігі, ел-жұртымыздың Отанға деген ыстық махаббат сезімі, ересен еңбек дүбірі мен бейбіт заманның берекесі, ырысына ынтымағы жарасқан елдің бір-бірін ұлтқа, нәсілге бөлмейтін берекелі тұрмыс-тіршілігі асқақ музыка тілінде құйқылжып сөйлеп тұр!

Сыдық Мұхамеджановтың «Шаттық Отаны» да пушкиндік деңгейдегі терең көркем дүние! «Шаттық Отаны» менің бала жасымнан сүйсініп тыңдаған, жүрегімде алар орны бөлек ірі музыкалық дүнием еді. Мен оны магнитофоннан тыңдап, шабыт шақырушы едім. 1970-ші жылдары шығармашылығыма бетбұрыс жасаған «XX ғасырдың 20 сәті» атты поэмамды жазғанымда осы шығарма арқама аруақ ойнатып, мені Тәңірінің тылсым құпиясына шомылдырған-ды. Оны тыңдаған сайын жастық шағыма қайта оралып, уайымсыз күй кешемін. Мен үшін бұл жаңа да, жасампаз қоғам құрып жатқан ел туралы асқақ пафосты патетикалық дүние ғана емес, Моцарттың «Реквиемі» сынды, енді қайтып оралмайтын бір дәуір, бір заман хақындағы азалы Жоқтау Жыры! Мұқағалидың «Реквием. Жан азасынан» да қасіретті! Енді мұндай жыр жазылмайды! Енді ол дәурен қайтып келмейді... Мәселе – осында! Кетер заман кетті... Келмеске!

Сыдық Мұхамеджановтың «Шаттық Отаны» да пушкиндік деңгейдегі терең көркем дүние! «Шаттық Отаны» менің бала жасымнан сүйсініп тыңдаған, жүрегімде алар орны бөлек ірі музыкалық дүнием еді. Мен оны магнитофоннан тыңдап, шабыт шақырушы едім.

Қазір бұл симфония бұрынғыдай эфирден жиі естілмейді. Естілсе, дүниеден көшіп кеткен бір ұрпақ, бір замана көз алдымызда көлеңдейді... Енді ол бізге жоқ! Соның ескі елесіндей осы «Шаттық Отаны» қалды. Өткен күннің елесіндей! Тарихымыздың өлмес ескерткішіндей жыр – бұл! Енді қайта жазылмайды! Енді қайта тумайды ол! Мен үшін Бір Заманның Жоқтау Жыры ол! Осы жырмен қоса егіліп, жан-дүниені теңіздей тебірентетін, өтіп кеткен, енді қайта оралмайтын жастық шағымның елесі! Қасіретке де, қасиетке де толы жарты ғұмырымның қырық жылы! Жасампыздық идеясына шөлірткен ғұсни ғұмырымның жыры... Огинскийдің* «Полонезіндей» азалы жыр! Оны жыр тіліне түсірсе, былайша сөйлер ме еді, қайтер еді?

Хош, Отаным...
Үндемейсің неге Сен?
Қойыныма кір демейсің неге Сен?!
Сенде тудым, сенде өскенмін,
қаңғырып,
Сенен кетем деп ойлаған емес ем...
Үндемейсің неге Сен?!.

Сенің күллі болмысың кеп ойды алды.
Жүрек Сен деп...
Ми да Сен деп ойланды.
Дүниеге келген кезде Тәңірі,
Маңдайыма Сені жазып қойған-ды.

Жаным сенде таңғажайып күйге енді.
«Кетпе...», – деші?
Өзің шешші түймемді?
Әлемдегі ең ғажайып әйелдің,
Омырауынан осы жерде сүйгем-ді...

Кел де менің өр кеудемді ашып қал:
Батыр – сонда, ақының да, ғашықтар!
Мен кетейін...
Мен кеткенмен бұ жерде,
Қалады ғой қараулар мен пасықтар?!

Хош, Отаным...
Үндемейсің неге Сен?
Қойыныма кір демейсің неге Сен?!
Сенде тудым, сенде өскенмін,
қаңғырып
Сенен кетем деп ойлаған емес ем?
... Үндемейсің неге Сен?!.

*Князь Михаил Клеофас Огинский – поляк композиторы, 18 ғ.

● ӨНЕР КҮНДЕЛІГІ

Театрда тың серпін

К.Станиславский атындағы Қарағанды орыс драма театрына Семейден келген 30 жастағы режиссер Рача Махатаев көркемдік жетекші болып тағайындалды.

Жан АМАНТАЙ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Жас әрі жаңа басшы труппамен және репертуармен әлі танысып үлгермепті. Десек те, театрға келгелі режиссер – «Навстречу мечте» спектаклін тамашалап ерекше әсерге бөленген.

Рача Махатаев алғашқы алған білімі бойынша актер. Ол Алматы эстрада-цирк колледжін тәмамдаған. Содан соң, Ресей мемлекеттік сахна өнері институтының режиссура факультетіне оқуға түскен. Н.Сац атындағы Алматы Балалар мен жасөспірімдер театрында, орыс драма театрында біраз еңбек еткен. Федор Достоевский атындағы орыс драма театрында, Санкт-Петербургтегі «Цехъ» театрында да жұмыс істеген. Қазақстандық және ресейлік театрларда спектакльдер қойған.

– Қоржынымда 15-ке жуық қойылым бар. Барлық қойылымдарым – сахналық шығармалар. Мен көбіне сыналған классиктерге, айтар ойы бар туындыларға басым көңіл бөлемін. Жалпы, театр ойын-сауық мекемесі немесе сондай сипаттағы ұйым емес қой. Бұл – жер ой кеңістігі және мағыналар кеңістігі. Мұнда адамдар арасындағы қарым-қатынас мәселелері қозғалады және де бұл негіз. Мен осы мағынада актерлермен және көрермендермен келіскім келеді. Қолымнан келе ме, жоқ па – әзірге белгісіз, – дейді Рача Махатаев.

Жаңа көркемдік жетекшінің шағын сахна негізінде эксперименттік алаң ұйымдастыру идеясы бар. Мұнда актерлік зертханалар, оқулар, көрермендермен пікірталастар, спектакльдер, кештер өтеді.

Бұдан бөлек, К.Станиславский театры тағы бір марапатқа ие болды. Өткен маусымның соңында оған «Қазақстан театрлары – 2023» мониторингін жүргізген театр сыншылары бірлестігінің сарапшылары келді. Жұмыс қорытындысына сай төрт аталым бойынша «Сыншылар сыйлығына» Александр Сухово-Кобылиннің «Тарелкиннің өлімі» пьесасы бойынша спектакль ұсынылды. «Екінші пландағы актер» номинациясын Богдан Пынка алды.

– Бұл марапаттың театр үшін де, мен үшін де беделі зор. Бар өнерімізді көрсеткіміз келеді. Ал нәтижесін тек көрермен ықыласы анықтайды. Ал, сол көрермендер бізге қол шапалақтап, қолдау танытса, тіпті, тақиямызды аспанға атып мәз болысамыз, – дейді лауреат.

Бүгінгі таңда Станиславский театрында Борис Шергиннің «Сиқырлы сақина» ертегісіне негізінделген жаңа жылдық ертеңгіліктер мен премьералық қойылымның дайындықтары жүріп жатыр.

Сурет облыс әкімдігінің сайтынан

● МӘДЕНИЕТ ОШАҚТАРЫНДА

Балаларға шаттық сыйлады

Кеше М.Хамзин атындағы мәдениет сарайында мүмкіндігі шектеулі балаларға арналған Жаңа жылдық шырша кеші өткізілді. Балқаш қаласы әкімдігінің қолдауымен ұйымдастырылған мерекелік шараға 322 бүлдіршін қатысты. Мәдениет сарайы бүлдіршіндер үшін жаңалыққа толы таңғажайып ертегілер мекеніне айналды.

Нұрдос КӘРІМ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Жаңа жылдық шырша салтанаты Балқаштың өнерпаздары әзірлеген қойылыммен басталды. Қызықты кешке жиналған балалар мерекенің басты қонақтары Аяз ата мен Ақшақар, Алдар көсе, Барби, Сақұлақ, Таусоғар, Бай, Желаяқ, Круэлла, Қоян, Ұлуды көргенде қуанышында шек болмады. «Томирис», «Аяла» бастаған би ұжымдары би билеп, мерекенің шырайын аша түсті. Қамкөңіл балаларды әлеуметтік ортаға бейімдеу, олардың бойына өмірге деген құштарлық нәрін себу мақсатында ұйымдастырылған игі шара балаларды ертегілер әлеміне жетелеп әкетті.

Жаңа жыл шыршасына Балқаш қаласының әкімі Сапар Сатаев арнайы қатысып, барша бүлдіршіннің арман-тілектерінің орындалуына тілектестігін білдірді.

– 2023 жыл балқаштықтар үшін табысты жыл болды. Бала – біздің қуанышымыз. Балалардың жүзінен шаттық кетпегені қандай жақсы. Барлығымыз бала өсіріп, ұрпақ тәрбиелеп отырмыз. Әрқашан бүлдіршіндердің езуінен күлкі кетпесін, өмірлері ұзақ болсын, – деді Сапар Сатаев.

Сонымен қатар, мерекеге келген барлық балаға шаһар басшысының атынан сыйлықтар үлестірілді.

БАЛҚАШ

Суретті түсірген **автор.**

● ПОЭТИКАЛЫҚ САЙЫС

Батлда белсенділік танытты

«Қазына» әдеби салоны аясында «БОТА» мүшелерінің арасында «Поэзия! Менімен егіз бе едің?» атты поэтикалық батл өтті. Жас ақындардың өнері кеңінен насихаттаған шарада дарынды жастарды көркем сөз шеберлігіне баулу көзделді.

Аяулым СОВЕТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Ж.Бектұров атындағы кітапханада өткен шараға «БОТА» мүшелері ақын, Жазушылар одағының мүшесі Қайрат Асқар мен Камшат Хасен қатысып, жастарға кеңес берді. Батлда белсенділік танытқан жас ақындар арасында I орынды Е.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті филология факультетінің студенті Әлия Серік иеленді. Ал жүлделі II орын Қарағанды медицина университетінің студенті Айгүл Сейтбековаға бұйырды. III орынға Қарағанды медицина университетінің студенті Еңлік Мұратбай жайғасты. Жеңімпаздар дипломмен, қатысушылар сертификатпен марапатталып, естелік сыйлықтар табысталды.

● ЖЫЛ ТАРТУЫ

2023: баянды бастамалар

Ертең – 2023 жылдың соңғы күні. Жыл соңында оны қорытындылау дәстүрі бар бізде. Қоян жылы еліміз үшін өзгерістерге толы жыл болды. Мемлекет басшысының бастамасымен саяси-экономикалық реформалар жүзеге асырылып жатыр. Оның алғашқы нәтижелері де жоқ емес. Кез келген мемлекет үшін әлеуметтік саланың дамуы – маңызы зор мәселе. Жаңа мектептердің, ауруханалардың, мәдени және басқа да қоғамдық нысандардың ашылуы халықтың әл-ауқатын арттыруға бағытталады. Қоғамдағы оң өзгерістерді статистикалық деректерден, даму бағдарламалардың орындалысынан немесе қолдау шараларының өсуінен байқауға болады. Ал, аймақта биыл ашылған әлеуметтік-экономикалық нысандар тарих қойнауына енгелі тұрған жылды айшықтай түседі.

Бірегей балалар ауруханасы

Облыстық балалар клиникалық ауруханасы Оңтүстік-Шығыс аудандағы жаңа ғимаратқа көшті. Бұл – шынымен де, көптен күткен нысан, жағымды жаңалық. Аймақ дәрігерлері заманауи аппараттарда ең күрделі деген операцияларды да осында жасайтын болады.

Күйік шалғандарға арналған инновациялық кереуеттер нөлдік гравитация мен нөлдік ауырлық әсерін жасайды. Төсек толтырғышының тығыздығын судың салыстыруға болады. Соның әсерінен науқас «жүзіп» жүргендей сезімде болады. Бұл зақымдалған теріге қысым түсірмеуге көмектеседі. Микросфералар арқылы өтетін ауа автоматты түрде қажетті температураға дейін қызады және бактериялардың көбеюіне жол бермей, терінің жазылуы әсер етеді.

Ауруханада консультативтік орталық жұмыс істейді. Бар бөлімшелермен қатар, үш жаңа бөлім болады – травматология және ортопедия, нейрохирургия, жақ-бет.

Бұрын бұл бағыттар бойынша пациенттерді емдеу үшін Ана мен бала орталығы, Травматология және ортопедия институты, Мақажанов атындағы клиникада немесе Астананың нейрохирургия ғылыми орталығына жіберілетін. Енді, мамандарымызды оқытып, осы салаларды өзімізде дайындаймыз. Жабдықтар жоғары технологиялық, операциялық бөлмелер автономды желдетумен жабдықталған, оларда HEPA сүзгілері орнатылған.

Медициналық мекеме базасында емдік-дене шынықтыруға арналған заманауи кабинеттері, тұз, сенсорлық және шунгитті бөлмелер бар.

Осы уақытқа дейін балалар ауруханасы болған ғимарат медицина қызметкерлеріне арналған көпқабатты тұрғын үй ретінде қайта құрылады. Жас мамандарға арналған 94 пәтер жабдықталмақ.

Қазіргі таңда Қарағанды облысында «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы бойынша 12 500 орындық 18 мектеп салынбақ. Биыл 10 мектептің құрылысы басталды. Атап айтқанда, Қарағандыда 4 мектеп, Балқаш қаласында –1, Бұқар жырау ауданында – 3, Шет ауданында – 2.

2024 жылға жоспарланған қосымша 8 мектептің (Қарағанды қаласында – 4 мектеп, Приозерск қаласында – 1 мектеп және Абай, Нұра, Қарқаралы аудандары-1) құрылыс жұмыстары толық аяқталғаннан кейін, барлық жайлы мектептер жергілікті атқарушы органдардың балансына берілмек.

Аудандарда жаңа ФАП

Биылғы «Ауылдық денсаулық сақтауды жаңғырту» ұлттық жобасы шалғай ауыл тұрғындарына жаңа мүмкіндік берді. Енді дәрігерлер мен науқастар ескі, тар жерде емес, кең, жаңа, жабдықталған орында болады. Денсаулығы сыр берсе, аудан орталығына, қалаға бармай-ақ, өздерінде қарала алады.

Жоба аясында екі жылда 92 медициналық нысан салынады. Оның 14-і биыл бой көтерді. Шет ауданының Жұмыскер, Төменгі Қайрақты, Көктіңкөлі, Бұрма, Киікті, Босаға ауылдарының, Ақшатау кентінің тұрғындары жаңа нысанда ем алатын болды. Ақтоғай ауданының Ақжарық ауылында, Бұқар жырау ауданына қарасты Ақтөбе, Новоузенка, Қарақұдық ауылдарында да фельдшерлік-акушерлік пункт ашылды.

Сонымен қатар, Қарқаралы ауданының Ақжол, Татан, Томар ауылдарында да медициналық нысанның құрылысы аяқталды.

Облыстың денсаулық сақтау басқармасы берген мәліметке сәйкес, барлық нысанның құрылысы аяқталған. Қазіргі уақытта ішкі жұмыстары жасалып, құрал-жабдықтар жеткізілуде.

Бұдан бөлек, Абай, Нұра, Бұқар жырау және Осакаров аудандарында алты фельдшерлік-акушерлік пункт ашылды. Олар «Ауыл – ел бесігі» бағдарламасымен салынды.

Республикадағы тұңғыш

Отбасына көмек көрсетудің бірыңғай орталығында әйелдер полиция учаскесі ашылды. Жоба биылғы қазан айында қолға алынды және өмірлік қиын жағдайға тап болған әйелдерді қолдауға арналған.

Тұрмыстық зорлық-зомбылықпен күресудің жаңа әдістерін енгізу кезінде халықаралық тәжірибе ескерілді. Әйелдер полиция бөлімшесінің құрамына тергеуші, ювеналды және көші-қон полициясының инспекторлары, есірткі қылмысына қарсы күрес жөніндегі жедел уәкіл, пробация қызметінің өкілі және басқалары кіреді. Бір ерекшілігі – қызметкерлердің барлығы әйелдер. Осылайша, қарым-қатынасты мүмкіндігінше сенімді етуге тырыспақ.

Орталық барлық қажетті заттармен жабдықталған. Қызметкерлер жедел ақпаратқа қол жеткізуі үшін құқық қорғау органдарының ведомстволық базаларына қосылған.

Әлеуметтік блокта инклюзия, қорғаншылық және қамқоршылық мамандары жұмыс істейді. Келушілер психологтың көмегін ала алады. Тіпті, қаржылық кеңесші бар, ол отбасылық бюджетті дұрыс бөлу туралы және интернет-алаяқтардың айла-амалдарына қалай түспеу керектігін айтады.

Орталық азаматтық қоғамның, жергілікті атқарушы органдар мен полицияның үздіксіз өзара іс-қимылының көпіріне айналуы тиіс. Түпкі мақсат – отбасылық-тұрмыстық қатынастар саласындағы құқық бұзушылықтарды азайту.

«Өзім» өзге үшін

Қарағандыда ғана емес, Қазақстанда алғаш рет мүмкіндігі шектеулі балаларға арналған бірегей жоба қолға алынды. Оның ерекшелігі қаржыландыру жауапкершілігін әдеттегідей ата-ана емес, мемлекет көтеретіндігінде. Мұнда бала күні бойы болып, тиісті көмегін алса, ата-ана жұмыс істеуге мүмкіндік алады.

Яғни, пилоттық жобаға қатысып отырған орталыққа келетін әр бала жан басына шаққандағы қаржыландыру жүйесіне енеді.

Бұл – ата-аналарға үлкен қолдау. Сабақтар жеке және шағын топтарда өтеді. Балалармен логопед-дефектологтар, нейропсихолог, арт-терапевт және музыкалық терапевт жұмыс істейді. Олардың қозғалуына көмектесетін тьюторлар бар. Балалар үш рет тамақтанады. Үйлерінен алып кетіп, қайта апарып тастайды.

Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес әлеуметтік қызметтер жүйесін модернизациялау қолға алынған. Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі Әлеуметтік қызметтер департаменті директорының орынбасары Гаухар Қалмақованың айтуынша, пилоттық жоба Қарағандыдан өзге жеті аймақта іске асады.

Суреттерді түсірген
Жанғелді ӘБДІҒАЛЫМ

Үр жаңа студенттер үйі

Қаланың орталығында болашақ дәрігерлер үшін жаңа студенттер үйі ашылды. Тоғыз қабатты ғимарат екі жыл ішінде салынды.

Мұндағының бәрі заманауи: интерьердегі жоғары технологиялық стиль, толық тұрмыстық жағдайлар, мультимедиялық жабдықтары бар оқу бөлмелер, спорт және музыка залдары және басқалары білім алушылардың жайлылығы үшін жасалған.

Жаңа жатақхана 400 студентті қабылдай алады. Барлық бөлмелер екі орынды, толық жиһаздалған, әрқайсысында душ және жуынатын бөлме қарастырылған. Сонымен қатар, әр қабатта ас үй және тұрмыстық бөлмелер, киім-кешек бөлмелері, демалыс орындары бар.

Жергілікті билік жатақхана салуға қала орталығынан жер бөлді. Студенттер үйі көлік байланысы және әлеуметтік инфрақұрылымға қолжетімді жерде орналасқан. Құрылыс қаржы орталығының қолдауымен арнайы бағдарлама бойынша жоғары оқу орнының қаражатына жүргізілді.

Бетті әзірлеген Жансая ОМАРБЕК

● ЖЫЛ ЖАҢАЛЫҒЫ

Игілігі орасан орталық

Спорт дамуы үшін ел намысын халықаралық ареналарда қорғайтын саңлақтарға жағдай жасалуы тиіс. Спортшы ештеңеге мұқтаж болмағаны абзал. Бір сөзбен айтқанда, жарау аттай тыпыршып тұрғаны керек. Жаттығу залы, спорттық киімі, стипендиясы, тағысын-тағы. Спорттық медицина деген маңызды сала бар. Осы сала артта қалса, спортымыз қарыштайды деу – бос әуре. Денсаулығында кінәрат бар атлетті байрақты бәсекеге кім жібереді?! Спорттан алған жарақатты қарапайым дәрігер емдей бермейді. Қыр-сыры бөлек. Біздің аймақта осы жылға дейін дәрігерлік-дене шынықтыру диспансері болған жоқ. Кеңес үкіметінде жұмыс істеген диспансер 90-шы жылдары жабылған. Міне, биыл сол жыртығымыз жамалды. Қазан айында облыстық дене-шынықтыру және спорт басқармасының «Дәрігерлік-дене шынықтыру диспансері» коммуналдық мемлекеттік мекемесі ашылды. Ашылу салтанатына облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев пен Лондон Олимпиадасының чемпионы Серік Сәпиев арнайы қатысқан еді. Бұл – биылдың айтулы жаңалықтарының бірі деп ауыз толтырып айта аламыз.

Ерік НАРЫН,
«Ortalyq Qazaqstan»

Саланың маңызы

Спорттық медицина – спорттық жарақаттардың алдын алу мен емдеуге, хирургиялық отадан кейінгі күтімді жүзеге асыруға бағытталған сала. Тарихы сонау көне Грециядa жатыр. Грециядағы Олимпиада ойындарында пайда болған. Халықтың көңілін көтеретін, тұтас бір елдің, ұлттың намысын арқалаған спортшының денсаулығын жақсарту үшін небір тәсілдер қолданылған. Физиология төңірегінде жасалған зерттеулер – осы саланы әжептәуір ілгерілеткен. Қазір АҚШ пен Германияда, Аустралия мен Канадада жақсы дамыған.

Қарағандыда биыл ғана ашылды. Бұл диспансер 1996 жылы жабылып қалған екен. Аты аңызға айналған небір спортшылар осында емделген. Совет үкіметінің спорты – өз дәуірінде дүркірегенін білесіздер. Төрт құбыласы түгел болғаннан шығар?! Мұндай диспансерлер қазіргі таңда Павлодар, Алматы, Астана, Шымкент және Өскемен облыстарында қызмет көрсетуде.

Диспансерде 5 бөлім бар. 1-ші бөлім – спорттық медицина.

Мұнда ағымды, кезеңді және тереңдетілген медициналық тексерулерден соң спорттық еңбекке жарамдылықты, уақытша еңбекке жарамсыздықты сараптау, спорт түрлері бойынша сабақтарға рұқсат беру мәселелері жүзеге асырылады, емдік дене шынықтыру бөлімі бұзылған функцияларды қалпына келтіру, немесе, орнын толтыру және оларды өткізу мен тиімділігін бақылауды жүзеге асыру мақсатында емдік-дене шынықтыру әдістерін қолдану мәселелері бойынша емдік-консультативтік қабылдауларды жүзеге асырады. Функционалдық диагностика бөлімі – диагностика және зерттеудің функционалдық әдісін жүзеге асырады; клиникалық-биохимиялық зертханада науқастың қаны арқылы бойында қандай дерт бар екенін экранға шығарып беретін заманауи құрылғы бар. Әлгі құрылғы «BA 200» деп аталады. 1 сағатта 200-ге жуық зерттеу жасай алады. 1 күнде 44 адамның қанына талдау жүргізеді. Бөлім басшысы Дана Утенованың сөзінше, осы құрылғы арқылы көп уақыт үнемделеді.

– Бұл құрылғы адамның ағзасы қандай жағдайда екенін айтып береді. Спортшыларымыз өз дертін анықтау үшін емханаларды аралап жүрмейді. Кезегін күтіп сарғаймайды. Бір күннің ішінде бәрі анықталып, ем-шаралар қабылдай бастайды. Пайдасы мол. Көбіне спортшыларымыз емге уақытын жоғалтып алады. Ал, елдің намысын қорғайтын саңлақтар әрқашан сақадай сай жүруі тиіс, – деді Дана Утенова.

Физиотерапия кабинеті – диспансердегі маңызды бөлімнің бірі. Бұлшық еті, сіңірі созылған, немесе, аяқ-қолы сынған спортшыларға осында ем-дом жүргізіледі. Баяу қимылмен жаттығулар жасайды. Мұнда мамандандырылған әдіскерлер бар.

Сонымен қатар, көздің көру деңгейін анықтайтын құрылғылармен жабдықталған бөлме бар. Ультрадыбыстық аппаратпен қамтылған. Жүйкесі сыр берген спортшыларды да емдейді. Жүйкеге жауапты жіңішке тамырлардың да ақауын анықтайтын құрылғы тұр. Травматологтар, кардиологтар, невропатологтар, ортопед, реабилитолог, психолог және тағы да басқа қызметтер көрсетіледі. Диспансерде 20 дәрігер және 9 орта медициналық қызметкер жұмыс істейді.

Лебіз

Осы диспансерде джиу-джитсудан ҚР спорт шебері, биылғы Азия ойындарының жеңімпазы, Әлем кубогінің иегері, былтырғы Азия ойындары мен Әлем чемпионатының қола медалін алған Аян Әмзе ем қабылдаған екен. Спортшымыз диспансер дәрігерлерінің кәсібілігін жоғары бағалады. Жарақаты ауыр болғаны соншалық, «спортпен қош айтысамын ба?» деп уайымдаған екен. Бірақ, ауыр ота жасатып келген спортшыны Қарағандының абзал жандары емдеген.

– Осы жылдың мамырында Әлем кубогінің финалында иығымды жарақаттап алған едім. Жарақаттан соң дер кезінде емделе алмадым. Моңғолияның астанасы Улан-Батордағы Әлем чемпионатына жөнелдім. Бірінші белдесуімде жарақатымды асқындырып алдым. Иық сүйектерін жалғап тұратын ет пен сіңір жыртылып кеткен екен. Астанада ота жасатқаннан кейін осы диспансерге келдім. Маған кәсіби реабилитолог қажет еді. Себебі, жарақат өте ауыр. Ота да оңай болған жоқ. Мұнда массаж қабылдадым, физиотерапиядан өттім. Осы диспансердің мамандарына алғысым шексіз. Әсіресе, реабилитолог дәрігер Жанат Молдаканова мен Зәру Елшебекова деген массажисті ерекше атап өткім келеді. Күнделікті жағдайыңды, көңіл күйіңді бақылап отырады. Әр күн сайын «әлі-ақ жазылып кетесің, мұңайма» деп жігерлендіреді. Виктория Регер деген нұсқаушының да жұмысына жоғары баға беремін, – деді чемпион.

Қарағандының кәсіби спортшылары бұрын жарақатын емдету үшін Алматыға сабылуға мәжбүр болған. Өйткені, кәсібілігі жоғары деңгейдегі мамандар шоғырланған диспансер сол шаһарда. Енді жағдай басқа. Ұлттық құрамаға талай чемпионды берген ұстаханадай Қарағандының өз диспансері бар. Лондон Олимпиадасының чемпионы, Вэл Баркер кубогінің иегері, қазақ боксының жарық жұлдызы Серік Сәпиев «Бұл диспансер Қарағанды үшін ғана емес, жалпы қазақ спорты үшін зор маңызға ие» деп отыр.

– Мен көптеген түрлі диспансерлерді, оңалту орталықтарын көрдім. Алайда, мұнда ең жаңа жабдықтар орнатылған, барлығы сапалы спорттық медицина үшін жасалған. Бұрын ем алу үшін Алматыдағы спорттық медицина және оңалту орталығына баруға тура келетін. Қазір осы жерде қолжетімді. Меніңше, бұл – қарағандылық спортшылар үшін үлкен мүмкіндік. Барлық жағдай жасалған. Енді тек жеңіс тұғырына шығу қалды. Осындағы мамандардың жұмысына сәттілік тілеймін. Спортшыларымыз жарақатсыз өнер көрсетсін деген тілегім бар, – деді Серік Сәпиев.

Диспансердің ашылу рәсімінде спорт ардагері Валерий Громов аймақ басшысының алдында қуанышын ақтарған еді.

– Бүгінгі таңда медицинасыз спортты елестету мүмкін емес. Өйткені, жүктеме үлкен. Мұндай қолдаусыз нәтиже болмайды. Қарағандылықтар үшін бұл, әсіресе, келесі жылғы Олимпиада ойындары қарсаңында керемет сыйлық. Орталықтың ашылуын асыға күттім. Бірақ, мұндай кең ғимарат, керемет база, жайлы болады деп ойлаған жоқпын. Күткенімнен де жақсы диспансер екен. Спортшыларымызға осындай қамқорлық көрсетіп отырған аймақ басшылығына зор алғысымды білдіремін – деді спорт ардагері Валерий Громов.

Ибрагим Магомадов – халықаралық дәрежедегі спорт шебері. Грек-рим күресімен 13 жасынан айналысады. Биыл Астанада өткен Азия чемпионатында Ұлттық құраманың қоржынына жалғыз алтынды салған балуанымыз. Саран қаласының тумасы. Қазақстан және спартакиада чемпионы. Халықаралық турнирлердің жүлдегері. Биылғы әлем чемпионатының алдында қабырғасын жарақаттап алған.

– Қабырғаның жарақатынан күреспек түгілі, емін-еркін қимылдауым қиындап кетті. Дем алуым да азапқа айналды. Қарағандыда дәрігерлік-дене шынықтыру диспансері ашылды дегенді естіп, бірден келдім. Тексерістен өтіп, ем-шараларға кірісіп кеттік. Қарағандылық дәрігерлерден мұндай кәсібілікті күтпегенімді жасырмаймын. Қысқа уақыт ішінде жарақатымнан айықтырды. Емнен бөлек, психологиялық қолдау көрсетті. Уайымымды сейілтті. Міне, қазір жағдайым жақсы. Дәрігерлерге шексіз алғысымды білдіремін, – деді Ибрагим Магомадов.

Түйткіл

Қарағандының дәрігерлік-дене шынықтыру диспансерінде проблема да жоқ емес. Диспансер басшысы Алшынбай Сұлтановтың сөзінше, қазір мұнда кәсіби мамандар жеткіліксіз. Себебі, спорттық медицина барлық аймақта кенжелеп қалған.

– Бұл проблеманы шешудің жалғыз жолы бар. Біз биыл Қарағанды медицина университетінің басшылығымен қажетті спорттық медицина мамандарын оқытуға келісімшарт жасамақпыз. Яғни, мамандарымыз нақты осы сала бойынша тереңдетілген білім алып шығады. Қарағанды медицина университетінің мамандарды дайындауға әлеуеті зор. Еліміз бойынша беделге ие. Қолда бар мүмкіндікті пайдаланған жөн, – деді Алшынбай Сұлтанов.

Түйін

Спортшы – елдің даңқын асқақтатады. Мынау байтақ Қазақстанды жаһанға танытқан дарындарымыз көп. Ал, Қарағанды – чемпиондардың ұстаханасы екені даусыз.

Енді тек саңлақтарымыздан жеңіс күтеміз.

Суреттерді түсірген
Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

● МӘРЕ

Төрге оздырған 4000 алтын

Биыл Қарағанды облысының спортшылары үшін нәтижелі һәм берекелі болды. Саңлақтар аймақтың ғана емес, халықаралық деңгейде бүтін бір елдің намысын абыроймен қорғап берді. Қоржын медальға толды. 33 159 спортшы түрлі деңгейдегі 996 додаға қатысып, 13 927 медаль алыпты. Соның 4 494-і – алтын. Айшықты жеңістерімізге тоқтала кетейік.

Ерік НАРЫН,
«Ortalyq Qazaqstan»

Ел бойынша үздік

Былтыр Қарағанды облысы «Үздік спорт аймағы» болған еді. Биыл бұл атақ Алматыға бұйырды. Осы жылы да сол қатардан алшақтамадық. Республика бойынша «Үздік аудандық дене шынықтыру және спорт бөлімі» марапатын Бұқар жырау ауданы еншіледі. Бұл марапат Туризм және спорт министрлігінің ұйымдастыруымен өткен салтанатты шарада табысталды. Мұнда аудандық бөлім қызметкерлерінің, соның ішінде нұсқаушылардың, бапкерлердің және спортшылардың еселі еңбегі еленді. Ауданда жалпы саны 114 спорттық нысан болған. Осы жылы 13 бірлікке көбейді. Әсіресе, халық жаппай айналыса бастаған Street Workout алаңдары салынды. Көпфункционалды хоккей корты да тұрғындардың игілігіне берілді.

Облыс VI жазғы спартакиадада жалпы командалық есепте III орын алды. Осы додада 122 медальді қанжығалаппыз. Соның 45-і – алтын, 32-сі – күміс, 45-і – қола. Дәл осы нәтиже үшін салтанатты жиында облыстық дене шынықтыру және спорт басқармасының басшысы Темірхан Аблаев та министр Ермек Маржықпаевтің қолынан марапат алды.

Гуанчжоудан олжа

Қытайдың Гуанчжоу қаласында өткен XIX Азия ойындарында да қарағандылықтар ел мерейін үстем еткен еді. 25 жастағы Данил медальді қанжығалады. Он тоғыз жастағы Диас Кенжебек Азия пара ойындарында алтын алып, екі рекорд орнатты. Олимпиадалық лицензия үшін оған тек бір секунд қана жетпей қалған еді.

Тарихи жеңіс

Біріккен Араб Әмірлігінің Рас-эль-Хайм қаласында шағын футболдан өткен әлем чемпионатында Қазақстан Ұлттық құрамасы II орын алды. Бұны – тарихи жеңіс деуге толық негіз бар. Өйткені, әлем чемпионатында еліміз күміс алмақ түгілі, плэй-офқа да шықпаған. Негізгі жаңалық мынада: Ұлттық құраманың сапын қарағандылық спортшылар толықтырды. Яғни, Арқаның намысын қорғап жүрген «Биосфера» шағын футбол клубының қырандары. Айта кетсек, бұған дейін ел құрамасы 2015, 2017 жылдары әлем чемпионатынан XI орын иеленген еді. Жерлестеріміз әлемдік аренада фаворит саналатын Мексика, Чехия, Әзірбайжан құрамаларын жеңіп, айды аспанға шығарды.

Қазақстан спортының деңгейін көрсетті

16 жасар қарағандылық Алан Құрманғалиев Халықаралық үстел теннисі федерациясының (ITTF) жаңартқан рейтингінде V орынға көтерілді. Жерлесіміз Португалияның Вила-Реал қаласында өткен «WTT Youth Contender» турнирінде 17 жасар спортшылар арасындағы бәсекеде және 19 жасар спортшылар арасындағы бәсекеде алтын медаль жеңіп алған бо-

Сурет ашық дерекқордан

Мұсабаев батут гимнастикасында күміс алды. Қазақстан бұрынсоңды осы спорт түрінен жүлделі болмаған екен. Жерлесіміз байрақты бәсекеде тарихи жеңіске жетті. Ал, 22 жастағы Кирилл Тубаев байдарка ескек есуден қоланы иеленді. Синхронды жүзуде Арина Пушкина мен Ясмин Тұяқова жарады. Суда балықша жүзген спортшыларымыз Ұлттық құраманың қоржынын бір қола медальмен толтырды.

Паралимпиадашылар да қуантты. Азия пара ойындарында ядро лақтырушы атлет Дастан Мұқышев пен жүзуші Диас Кенжебек қоржынға екі алтын салды. Дастан Мұқышев алтын алып қана қоймай, Азия ойындарының рекордын жаңартты. Ол ядроны 15,74 метрге лақтырған. Осы жеңісінің арқасында 2024 жылы Парижде өтетін Паралимпиада ойындарына жолдама алды. Жүзуші – Наталья Звягинцева және Роман Потапов, дзюдошы – Даяна Федосова мен шахматшы Әлімжан Аяпов қола латын. Бұған дейін Алан 17 жасқа дейінгі спортшылар арасында – X орында, 19 жасқа дейінгілер арасындағы рейтингте – XXII орында тұрған. Елдің даңқын асқақтатқан жерлесімізді Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаев құттықтаған еді.

Гиннес рекордтар кітабына енген 7 рекорд

Шахтинск қаласының тумалары Руслан Фатахов пен Дмитрий Именченков стритлифтингтен өткен әлем чемпионатында 5 алтын медальға қол жеткізді. Медальдардың төртеуін Руслан Фатахов салды және Гиннес рекордтар кітабына 7 рекорды енді.

Жерлесіміз, жаһан жұртына Қазақстанды ғана емес, Қарағанды мен Майқұдықты таныстырған, кәсіпқой бокс жанкүйерінің сүйікті боксшысы Геннадий Головкин әлі өз биігінде. Спорттағы жолын Қарағандыда бастаған Шавкат Рахмоновтың жұлдызы жарқырап келеді.

● ЖЫЛ ӨКІНІШІ

Қайғылы жағдай қайталанбасын десек...

Қайғы мен қуаныш қатар жүреді. Өмір бар жерде өлім де бар. Бірақ, адамның қолымен жасалмаса да, адамның араласуымен алдын алуға болатын жайттардың да болатыны өкініштi-ақ. Жұрттың жадынан, көптің көңілінен кетпейтін өкініштер биыл да орын алды. Еске түсе қалғанда, зіл батпан қара тастай өкпемізді жаншып, жанымызды шырқыратқанымен, одан қашып құтыла алмайтынымыз тағы бар.

Салтанат ІЛИЯШ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Жылдың басты өкініші – Костенко атындағы шахтадағы жарылыс. Қарағанды емес, қазақ елінің қабырғасын қайыстырған жарылыстан 46 кенші қаза тауып, 46 отбасы қара жамылды. Тәуелсіздік жылдарында құрбан болғандар саны жағынан ең үлкен апатқа байланысты «Жалпыұлттық аза тұту күні» болып жарияланды.

Бұған дейін биылғы 19 тамызда ғана «Қазақстан» шахтасында болған жарылыста позициялау жүйесінің болмауынан қайтыс болған бес кеншінің денесі әзер табылған. Бұл – көмір үшін өмірін бергендердің отбасыларының ғана емес, Қарағандының қайғысына айналды.

Жыл өкінішінің тағы бірі – Қарағанды-Балқаш тас жолындағы апаттар. Жергілікті полиция қызметі басқармасының дерегінше, биылғы 11 айда «Балқаш-Қарағанды» тас жолында 34 жол-көлік оқиғасы орын алған. Жан күйзелткен апаттан 42 адам қайтыс болса, 46-сы – түрлі жарақат алған.

Жалпы, Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының дерегіне сүйенер болсақ, Қазақстан жол-көлік оқиғаларында адамның қайтыс болуы бойынша 179 елдің ішінде 107-ші орын алған.

Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы жол-көлік оқиғаларындағы өлім-жітімді объективті көрсеткіш деп санайды. Яғни, елдің экономикалық жағдайы, азаматтардың құқықтық сана деңгейі және биліктің жолдардағы тәртіпті сақтауға мүдделі болуына тікелей байланысты. Демек, ешқандай да табиғи апат, болмаса, адамға ырық бермейтін жағдай емес. Ал, аталған жолдағы апат себептерінің бірі – жобаны жүзеге асырудағы мердігердің салғырттығы, екіншісі – жүргізушінің салғырттығы. Өзінің ғана емес, өзгенің де өміріне. Адами фактордың салдарынан болғанының өзіақ өкінішті өртейтін жайт. Өкініш пе, өкініш...

Бұл бір ғана Балқаш-Қарағанды күре жолы ғана емес. Республикалық маңызы бар Қарағанды-Аягөз-Бұғаз автожолында, яғни, Қарағанды-Қарқаралы тас жолы да биыл Балқаш-Қарағанды тас жолын өкшелеп келеді. 28 апатта 16 адам қайтыс болып, 50 адам жарақат алған.

● ЖӘРМЕҢКЕ

Жаңа базар, қолжетімді баға

Жаңа жыл қарсаңында Бұқар жырау ауданының орталығы Ботақара кентінде коммуналдық базар ашылып, онда алғашқы ауыл шаруашылық жәрмеңкесі өтті.

Ержан ИМАШ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Ботақаралықтар бұл қуанышты сәтті көптен күткен еді. Бұл жерде бұрын арамшөп өсіп, қоқыс жайлаған аумақ болатын. Оның 1500 шаршы метр алаңы тазартылып, жергілікті бюджет есебінен сырты қоршалып, 10 сауда сөрелері орнатылыпты. Жаңа нысанды сол күні аудан әкімі Абылай Сұлтанғали мен кент әкімі Асқар Отыншиев аралап көріп, сатылымдағы өнімдердің бағасымен танысты. Ол дүкен бағасынан әлдеқайда төмен болып белгіленген екен.

Кент тұрғындары жәрмеңкеде биылғы картоп пен көкөністі, ет пен сүт өнімдерін, жаңа жылдық дастарқанға салатын азық-түлік түрлері мен тәтті-дәмділерді керегінше сатып алып жатты. Солардың бірі, сауда жасап, қоржын-қалтасын толтырып алып бара жатқан зейнеткер Марияш Ибраева халық үшін осындай керекті нысанның ашылуына қуанышын білдіріп, тауық жұмыртқасының 10 данасын 530 теңгеден, тағы да басқа азық-түлікті анағұрлым арзан бағаға сатып алғанын айтты.

Енді әр аптаның сәрсенбісінде ауыл шаруашылық жәрмеңкесі жаңадан ашылған осы коммуналдық базарда өтіп тұратын болады.

Бұқар жырау ауданы

Суретті түсірген
Д.ТОРЖАНОВ

● ӘЛЕУМЕТТІК ҚОЛДАУ

Жедел жәрдем бекеті ашылды

Шет ауданында орталық аурухана ғимаратының жанынан жедел жәрдем бекеті ашылды. Ауданда орналасқан бұл бекет дер уақытында халыққа жедел медициналық көмек береді. Нысанның ашылуына қатысқан аудан әкімі Мұхит Мұхтаров, стансаның халыққа жағдай жасауға қаншалықты дайын екенін көрді. Сонымен қатар, ғимараттың екінші қабатында орналасқан пәтер кілттерін дәрігер мамандарға табыс етті.

Нұрдос КӘРІМ,
«Ortalyq Qazaqstan»

– Халықтың денсаулығы, өмір сапасы еліміздің белсенді дамуына, экономикасына, әсіресе әлеуметтік жағдайының жақсаруына ықпал ететіні сөзсіз. Сондықтан да, мемлекетіміз медициналық қызметтердің сапасы мен қолжетімділігін барынша арттырып келеді. Біздің аудан көлемінде де бұл бағытта бірқатар игі істер атқарылды. Аурухана мен емханаларға жөндеу жұмысы жүргізілді. Жаңа нысан жедел жәрдем көмегі халыққа барынша жақын болсын деген мақсатпен ашылды. Бұрындары мұндай қызмет тек аудан орталығы тұрғындарына ғана қолжетімді болса, енді шеткері аймақтағы округтегілер де игілігін көрді. Ғимараттың бірінші қабатында жедел жәрдем бекеті ал, екінші қабатында дәрігерлерге қызметтік пәтерлер бар. Жас мамандардың қонысы құтты болсын! – деді Мұхит Мұхтаров.

Өз кезегінде пәтер кілттеріне ие болған дәрігерлер облыс және аудан басшыларына алғыстарын білдірді.

Ауданның орталық ауруханасының басшысы Алпыс Аманжоловтың айтуынша, ауыл халқына енді жедел жәрдем бригадасы бұрынғыдан ертерек жетеді. Жаңа нысан заманауи құрылғылармен жабдықталған. Бекетте диспетчерлік бөлме, бекет меңгерушісі мен аға фельдшердің кабинеті, дәріхана қоймасы, қобдиша толтыру бөлмесі, демалыс бөлмесі, көлік тұрағы сияқты қажеттінің барлығы бар.

– «Бірінші байлық – денсаулық» деп дана халқымыз бекер айтпаған. Елдің денінің сау болуы – қашан да кезек күттірмейтін мәселе. Ашылып жатқан бекет халыққа медициналық көмекті сапалы түрде ұсынбақ. Ол үшін барлық жағдай ойластырылған екен. Біз бұған бек қуаныштымыз. Мереке қарсаңындағы бұл қуанышты жаңалық көңілімізді көтеріп, жанымызды жадыратты, – дейді аудан тұрғындары.

Шет ауданы

● РЕСМИ

Мерекеде қоғамдық көлік қалай жүреді?

Облыс орталығында біраз маршрут бойынша қызмет көрсететін №3 автопарк мереке күндері қалалық автобустар қалай жүретінін хабарлады.

Қоғамдық көліктер 31 желтоқсан жексенбіге келетіндіктен, демалыс күнінің кестесі бойынша, яғни, сағат 20:00-ге дейін.

2024 жылғы 1 қаңтарда қоғамдық көлік қозғалысы таңғы сағат 10:00-ден басталады. Сонымен қатар, бұл күні қалаішілік және қала маңындағы автобустардың саны демалыс күнімен салыстырғанда 50%-ға қысқарады.

2024 жылғы 2 қаңтарда қоғамдық көлік таңғы сағат 6:00-ден жүре бастайды. Бұл мереке, яғни, демалыс күні болғандықтан, желідегі автобустардың саны демалыс күнінің кестесіне қатысты тағы да 50%-ға азаяды.

3 қаңтардан №3 автопарк қызмет көрсететін маршруттар әдеттегідей жүреді.

Өз тілшімізден

● ӨНЕР ӨЛКЕСІНДЕ

Ақтастағы көңілді кеш

Саран қаласы аумағындағы шағын ғана Ақтас кентінде 8 бірдей көркемөнерпаздар ұжымы бар. Жыл бойы ақтастықтарды ән мен күйге бөлеп келген олар жақында кенттің Мәдени-сауық орталығында қорытынды концертін өткізді.

Ержан ИМАШ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Зал толы көрермен бұл күні де жерлестерінің өнеріне тағы да тәнті болды. Атап айтқанда, концертте «Томирис» ансамблінің бишілері қазақ және орыс халық билерін орындаса, «Үкілі домбыра» тобы Құрманғазының «Балбырауын» күйін төгілтіп, «Біз өмірдің гүліміз» әнін шырқады. Ал «Ақ әже, аталар» вокалды тобының ардагер әншілері халқымыздың «Беу, айдай!», «Тобылғы сай» әндерін әуелетіп, «Актаские зори» хоры мен «Якташлар» этномәдени бірлестігінің ұжымы қосыла шырқаған әндер сахна төрінен шалқыды. Сондай-ақ, осы думанды кеште «Балаганчик» драма және «Жұлдыз» вокалдық ұжымдары, балалардың фольклорлық тобының өнерпаздары да өз өнерлерін ортаға салды.

Ақтас кенті

Суретті түсірген **автор**

● ЖАҒЫМДЫ ЖАҢАЛЫҚ

Алаңдарды жаңғырту жалғасады

Жас жеткіншектердің бос уақытын тиімді өткізуде, бұқаралық спортты дамытуда, ең бастысы қоғамда салауатты өмір салтын қалыптастыруда спорт алаңдарының маңыздылығын ешкім жоққа шығара алмайды. Сондықтан, Балқаш қаласы әкімдігі аулалардағы спорт алаңдарын жаңартып, жөндеуден өткізуде.

Нұрдос КӘРІМ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Осыған дейін тұрғындар тарапынан бірнеше мекенжайдағы спорт алаңдарының тозығы жеткендігі туралы айтылған болатын. Бұл мәселені назардан тыс қалдырмаған қала әкімі Сапар Сатаев қыркүйек айында алаңдарды жаңартуға тапсырма берді. Оның 23-і Балқаш қалалық спорт клубы коммуналдық қазыналық кәсіпорынның балансына берілген. Қазан айынан басталған жөндеу жұмыстарының нәтижесінде қазіргі таңда 4 алаң жаңғыртылды. Сондай спорт алаңының бірі Мұхамеджанов шағын ауданы №5 үйдің ауласында орналасқан. Жұмыстардың жоспар бойынша жүзеге асырылып жатқандығын жауапты мамандар мәлімдеді.

– Қыркүйек айында осы алаңдарды жөндеуге бағытталған конкурстық іс-шара жүргізілген еді. Конкурс нәтижесінде «Elite Home» құрылыс компаниясы жеңіп, қазан айында жұмыстарын бастап, қазіргі таңда аяқтап отыр. Реконструкциялау негізінде осы 4 алаңға сапалы жұмыстар жүргізілген болатын. Алдағы уақытта төзімді қоршаулар жасалады, – дейді Балқаш қаласының мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімінің спорт секторының меңгерушісі Дәлелбек Мұхтарұлы.

Айта кетейік, биыл тозығы жеткен 12 ықшам ауданы, Сәбитова көшесі, 16-үй алаңын, Мұхамеджанов көшесі 5 және 19 тұрғын үй алаңдарына жөндеу жұмыстары жүргізілді. Сонымен қатар, келер жылға 7 алаңға жаңғырту жұмыстары жасалмақ.

БАЛҚАШ

Е.Бөкетов Қарағанды университетінің экономика және заң факультеттері түлектерді бакалавриат пен магистратураның келесі мамандықтары бойынша мамандар даярлайды:

«IT-кәсіпкерлік және цифрлық экономика», «Математикалық экономика, статистика және деректерді талдау» (информатика + математика), «Экономика» (докторантура бар), «Менеджмент», «Есеп және аудит», «Қаржы», «Мемлекеттік және жергілікті басқару» (докторантура бар), «Маркетинг және SMM», «Логистика», «Мемлекеттік аудит», «Әлемдік экономика», «Кәсіпкерлік және жобаларды басқару» (география + математика), «Туризм», «Мейрамхана ісі және қонақ үй бизнесі» (география + шет тілі), «Құқықтану» (докторантура бар), «Халықаралық құқық», «Сот және прокурорлық қызмет», «Кәсіпкерлік қызметті құқықтық реттеу», «Қылмыстық кірістерді жылыстатуға және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл және экономикалық қауіпсіздік», «Мемлекеттік билік және басқару органдарының қызметін құқықтық қамтамасыз ету», «Бизнесті заңдық қамтамасыз ету», «Жеке құқық» (дүниежүзі тарихы + адам, қоғам, құқық). Мемл.лицензия: KZ83LAA00018495, «ҚР Білім және ғылым министрлігінің Ғылым және білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті» 28.07.2020 ж. берген, тел.: 8(7212)35-64-05, https://buketov.edu.kz/, priemka@ksu.kz

№685

● ЖЫЛ ОЛЖАСЫ

Арқа мәдениетінің айшығы

Қарағанды руханияты биыл олжалы. Жалындаған жыр кештері, ән додалары, қысқасы, әдеби-мәдени шаралар дүркін-дүркін ұйымдастырылды. Оның біреуін де «Орталық» қалт жібермейді. Қоян жылын қорытындылар күн бүгін.

Қасымхан БҮРКІТҰЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Түркияда Тәттімбет ескерткіші

Түркия төрінде күй Тәңірі Тәттімбет Қазанғапұлының еңселі ескерткіші бой көтерді. Руханияттың үлкен жанашыры, мемлекет және қоғам қайраткері Дүйсен Қасейіновтің мұрындық болуымен. Бұл атқарылған игі іс Арқа елінің ғана абыройы емес, әрине. Түркі жұртының елімізге, өнерімізге деген биік парасаты, құрметі.

Сарыарқаның сәні болған жәрмеңке

Қарқаралы еліне құт болған Қоянды жәрмеңкесінің 175 жылдық мерейтойы да дүркіреп өтті. Бұл жолғы той ас ішіп, аяқ босатумен өткен жоқ. Елдің түпкір-түпкірінен жиналған ғалымдар, тарихшылар мен өлкетанушылар келелі конференцияда бас қосты. Онымен қоса, аудан орталығында ауыл-ауыл болып, көрме ұйымдастырылды. Дәстүрлі әннің дүбірі естіліп, қара өлеңнің рухы аспандады.

Қасиетті Қарқаралының ардақты еліне «Базарың құтты болсын!» айта келген меймандар дүркіреген дүбірдің куәсі болды.

Таң-тамаша қылған Талды фестивалі

Шет ауданындағы тарихы терең Талдыда «Талды – өркениеттер тоғысында» атты халықаралық археологиялық-этнографиялық фестивалі алғаш рет өтті. Бастапқыда осы төңіректе қазба жұмыстары жүргізіліп, түрлі жәдігер табыла бастағанда, бір топ тарихшы осында тарихи-археологиялық парк құруды ойластырған еді. Сол аспан астындағы мұражайда өткен басқосуға алыс-жақыннан меймандар келді. Шетелден келген ғалымдардың қатысуымен өткен конференцияда зерттеу жұмыстары һәм алдағы жоба-жоспар талқыланды. Мұнымен қоса, фестиваль қола балқыту, қыш құмыра жасау, ұлттық киім түрлерін тігу және ұмыт бола бастаған қазақ тағамдарын әзірлеумен ерекшеленді.

Ән алыбы Арқада

Ән өнерінің Толағайына айналған Ілия Жақанов Арқаға келді. Шалқыма концерт залында «Толағай» атты шығармашылық кешінде алып өнер иесінің әндері шарықтады. Көрерменнің ортасында отырып, ән академигінің көңілі қалықтады. Кешінің соңында сөз алып, «Арқа жұртын үнемі сағынып тұрамын» деді.

Қарағандыдағы қара өлең

Кеншілер шаһарында Қарағанды қаласы әкімдігінің қолдауымен «Қарағанды көктемі» атты халықаралық поэзия фестивалі өтті. Әрісі Әзірбайжан мен Түркиядан, елдің түпкір-түпкірінен азуын айға білеген ақындар жиналып, Арқа жерінде ауқымды басқосу өткен еді. Бұл жиын не берді десеңіз, ақын Роза Аспанқызы мен Абзал Мақаштың кітабы шығады. Келер жылғы фестивальде тұсауы кесіледі.

Фестивальден бөлек, небір поэзия кештерінің ұйымдастырылғаны және бар. Биылғы өзгешелігі, Қарағанды ақындары кітапхана секілді басқа да мәдениет ошақтарының сахнасынан сыртқа шықты. Әсіресе, жаз бойы қаланың Орталық саябағында өлең оқылды, ән шырқалып, күй күмбірлерді.

Ақындар абыройы

Биылғы «Алтын домбыра» республикалық ақындар айтысының бас жүлдесін ақтоғайлық ақын, шайыр Мақсат Ақанов қанжығалап, ел мерейін үстем етті. Өз кезегінде облыс әкімі ақынға Қарағандыдан үш бөлмелі пәтердің кілтін табыстады.

Туған жері Ақтоғай өңірі де ақын ұлын ардақтап, астына ат мінгізді.

Ал биылғы «Айбоз» ұлттық әдеби сыйлығын Қазақстан Жазушылар одағы Қарағанды облыстық филиалының директоры, ақын Жанат Жаңқашұлы «Үздік поэзия» аталымы бойынша иеленді. Ол белді байқауға өзінің «Көзімнен сүй, көбелек» атты өлеңдер топтамасын үкілеп қосқан-тын. Бұл сыйлық – Арқа ақындарының абыройын тасытты.

P.S: Міне, Қарағандының биылғы рух сілкінісі осындай. Мәдени-әдеби жаңалығымыз елдің аузында. Келер жылы да осы тұғырдан түспесе деген тілекпен түйіндемекпіз сөзімізді.

● ЖЫЛДЫҢ ТОСЫН МІНЕЗІ

Ең ыстық жаз

Жаз жауынсыз өтті. Ал, жауын жаумаса, жерге қылтанақ шықпасы анық. Шабуға шөп таппаған ауыл шаруалары өзге өңірден жаншылған жоңышқа алдыруға мәжбүр болды. Тіпті, диқандар ерте көктемде еккен егінінің жарты өнімін де өндіре алмай дал болды. Негізінде, қуаңшылық жалғыз Қарағанды емес, бүкіл Қазақстанды айналып өтпеді.

Жан АМАНТАЙ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Синоптиктер болжамына сүйенсек, маусымнан басталған аптап ыстық +45 градусқа дейін көтерілген. Тіпті, салқын деген солтүстік аймақтардың өзінде ауа температурасы + 35-38-ге дейін барған. Әрине, салдарынан егін алқабы біршама зардап шекті.

Облыс бойынша биыл 994 мың гектар жерден 940,4 мың тонна көлемінде астық жиналуы керек еді. Оның 813,4 мың гектары бидай, 160,4 мың гектары арпа, ал, 13,7 мыңға жуық гектары сұлы. Ал, аймақта қыстауға түсер мал басы 458 мың ірі қара, 696 мың қой-ешкі, 312 мың жылқы. Жыл басында осынша малды Арқаның ақшұнақ аязынан шашаусыз шығару үшін 1,9 млн. тонна жем-шөп қажеттігі белгілі болған. Сәйкесінше, облыс әкімінің қолдауымен облыс бюджеті есебінен 800 млн. теңге қаражат мемлекет қолдауына ие 737 шаруашылық қажетіне бөлінді. Бұл – тікелей мал азығын дайындау шығынын азайтуға берілген көмек. Оған қоса тағы қой өсіретін шаруашылықтарға азық дайындауға 400 млн. теңге қаражат қарастырылды.

Сондай-ақ, биылғы мал азығын жинаудағы жанармайдың құнын арзандатуға да әрекет жасалды. Соның нәтижесінде мемлекет тарапынан қолдауға ие шаруашылықтар күзде жанармайды Қарағанды қаласынан 250 теңгеге алды. Жалпы, жанармайдың нарықтағы бағасы 295 теңге. Сонда мемлекет қолдауының арқасында шаруалар жанармайды нарықтағы бағадан әлдеқайда арзанға алды. Олқылықтың алдын алу мақсатында аудандарда арнайы штабтар құрылды. Олардың негізгі жұмысы – аймақ шаруаларындағы жем-шөп жетіспеушілігін толықтыру, соларға қолдау көрсету. Тіпті, дәл қазіргі жағдайда мал азығының күрт өсіп кетпеуін де осы құзырлы орын қадағалап сарапқа салуда.

● ЖЫЛДЫҢ ҮЗДІК ЖОБАСЫ

Баламасы жоқ бастама

Биыл AMANAT партиясының облыстық филиалы орналасқан ғимаратта ашылған «Кітап – AMANAT» дүкені қазір көпшілік жиіат басын бұратын алаң. «Жылдың үздік жобасы» аталған дүкенге арқа ақындары мен прозаиктарының жинақтары топтасқан.

Аяулым СОВЕТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Еліміздегі үздік жобада жергілікті қаламгерлерді қолдауға басымдық берілген. Қарағандыдағы ақындардың кітаптарын сатып, түскен қаражатты автордың өзіне береді. Кітаптың жарнамасын да арнайы парақшаларында жарнамалап, маркетингпен айналысып жүр. Яғни, оқырман кітабын іздемесе, кітап оқырманын іздейді.

Жоба отандық әдебиетке деген қызығушылықты арттыруға, көркем әдебиет оқуға ынталандыруға, қазақстандық авторлар мен кітап шығарушыларды қолдауға бағытталуда. Мұнда алдағы уақытта жерлес қаламгерлердің, өзге де жаңа кітаптардың тұсаукесері де ұйымдастырылмақ. Сонымен қатар, әдебиеттерді талдауға бағытталған танымдық жиындар да өте бастады. Қарағандының мәдени ошақтарының біріне айналған дүкен қазіргі таңда кітапқұмар оқырмандар қатарын арттыруда.

● ЖЫЛДЫҢ ЕЛЕҢ-АЛАҢЫ

Ақбөкен саны көбейді

Қазақ даласының сәніне айналған ақбөкен саны бүгінде 1,9 млн-ға артқан. Биылғы мамыр айындағы әуе санағының ақпаратына сай, оның 800 мыңға жуығы Бетпақдаланы мекендейді. Ал, 1,3 млн-ы – Орал, 39 700 бас – Үстірт популяциясына жатады. Ақбөкен енді тұқымы құрып бара жатқан, сирек кездесетін аң түрінен алынды. 2023 жылдың 11 желтоқсанынан бастап, киік «құрып кетудің аз алдында тұрған аң» санатынан «қауіп төніп тұрған аңдар» санатына өтті.

Жан АМАНТАЙ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Әрине, мұнша өсім «Охотзоопром» мамандарының 20 жыл бойы қызғыштай қоруының нәтижесі. Киікті қорғау жолында қарағандылық қорықшы Ерлан Нұрғалиевтің браконьер қолынан қаза тапқанын жұрт әлі ұмыта қоймады. Осынша қан мен тердің арқасында ақбөкен санының артқаны жағалай жұртқа жағымды жаңалық болды. Кей жерлерде, тіпті, ақбөкенді тиісті ұйымдардың аулауына рұқсат берілді. Бұл – заң жүзіндегі нұсқама.

Киік – дала сәні. Бір кездері оларды қорғаймын деп талай қорықшылар жанынан кешті. Ал, бүгінгі мәселе мүлде басқа. Халықтың жанайқайы, оның ішінде, жергілікті диқандардың қырауар шығыны осыған мәжбүрлеп отыр. Десек те, киікті аулау керек екен деп, оны екінің бірі бас салып атуға рұқсат жоқ. Ақбөкенді тек қана «Охотзоопром» инспекциясының өкілдері ғана аулай алады. Сонымен қатар, егінге зиянын тигізген Нұра аумағындағы киіктер ғана ауланды. Жалпы, киіктің 25 пайызын аумен, 75 пайызын атуға болады. Тағы да баса назарға ұсынып, айтарым қарапайым аңшыларға, олардың аңшылық куәліктері, аң атуға рұқсаттары болса да, киік атуларына рұқсат жоқ. Егер атқан, не аулаған жағдайда бұрынғыша заң алдында жауапқа тартылады.

Қызыл тізімнен алынғаны оның әсіре көбейіп кеткендігі болмаса керек.

Газеттің келесі саны 2024 жылдың 4 қаңтары, бейсенбі күні шығады

ORTALYQ QAZAQSTAN
Қарағанды облыстық қоғамдық-саяси газеті

Құрылтайшысы: облыс әкімдігі
МЕНШІК ИЕСІ: «Saryarqa Aqparat» ЖШС

Директор – **Қ.Ж. ӘБІЛДА**
Директордың орынбасары – «Индустриальная Караганда» газетінің бас редакторы – **О.В. МЯГКИХ**
Директордың орынбасары – **Г.Ш. ЖҰМАДІЛДИНОВА**
Бас редактор – **Е.К. МҰСАБЕК**
Бас редактордың орынбасары – **Қ.А. АЙТЖАН**
Сайт редакторы – **І.Д. МҰҚАЙ**
Жауапты хатшы – **Ж.Қ. ШАЛҚАР**

Телефондар:
Бас редактор: 43-38-53
Бас редактордың орынбасары: 43-58-08
Интернет-редакция редакторы: 43-38-33
Жауапты хатшы: 43-49-72
Жарнама, факс: 43-57-82, 43-21-55;

Меншікті тілшілер:
Ақтоғай, Шет, Балқаш,
Приозерск: 8-702-293-13-70
Қарқаралы, Нұра, Осакаров: 8-777-073-71-13
Теміртау, Саран, Шахтинск, Абай,
Бұқар жырау: 8-775-189-33-19

● Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.
● Жарнамалар мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.
● Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.
● Материалдың жариялану ақысы төленген ®

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде қайта тіркеуден өтіп, 2020 жылғы 15 желтоқсанда № KZ18VPY00030163 куәлігі берілді.
Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады.
Мекенжайымыз: 100009, Қарағанды қ., Әлімхан Ермеков көшесі, №33 үй.

Электрондық пошта: ortalyk.kz@gmail.com; ortalyk.kaz@mail.ru
Жарнама бөлімі: ortalyk.reklama@mail.ru

Газет жеткізілмесе
41-26-82, 43-57-88
телефонына хабарласыңыздар.

«БанкЦентрКредит» АҚ ҚФ
Есеп-шот: kz50826M0KZTD2003131,
БИК KCJBKZKX БИН 000840001412

Таралымы 4 395

№ 146 тапсырыс. Индекс 65484
Офсеттік басылым. Көлемі 4 баспа табақ.

Бағасы келісім бойынша
«Типография Арко» ЖШС баспаханасында басылды.
Қарағанды қ., Сәтбаев к., 15.
Газеттің компьютерлік орталығында теріліп, беттелген.
Кезекші редактор **Жансая ОМАРБЕК**